- high possibility of getting injuries of various nature and severity, with the subsequent cessation of judo classes;
- concentration of efforts on the study of diverse techniques and tactics of judo and the exclusion of the formation of a narrow sports specialization.

Since 2019, the Judo Federation of the Republic of Kazakhstan recommends that when holding competitions among young judokas, it is forbidden to use complex techniques, the implementation of which can lead to injuries.

Compliance with the above recommendations will help to avoid a large number of injuries, especially the upper shoulder girdle, and will allow you to keep the contingent involved in judo, and most importantly, increase the interest of children in studying and improving the available technical and tactical actions.

If the proposed recommendations are observed, the possibility of forced training of young judokas in order to achieve high results in children's competitions to the detriment of basic multifaceted training is excluded.

#### **LITERATURE**

1. Платонов В.Н. Система подготовки спортсменов в олимпийском спорте. Общая теория и её практические приложения: учебник [для тренеров]: в 2 кн. – К: Олимп.лит., 2015. – 1432 с.
2. Ерегина С.В. Формирование двигательных навыков у юных спортсменов // Детский тренер. – 2009. – №1. – С. 60-67.
3. Шепетюк М.Н. Теория и методика спортивной борьбы Теория и методика спортивной борьбы:учебное пособие. – Алматы: Федерация дзюдо РК, КазАСТ. – 2020. – 362 с.: 2-ое изд.испр, и доп.
4. Житкеев А.Р., Шепетюк М.Н., Масагина В.Г., Биабудин Т.З., Патопеня Н.И. Положение о порядке аттестационной деятельности и требований для присвоения квалификационных степеней КЮ и ДАН по борьбе дзюдо. РККП "Республиканский учебно-методический и аналитический центр по физической культуре и спорту" Комитета по делам СиФК Министерства культуры и спорта Республики Казахстан. Астана, 2021. – 164 с. (каз., рус.).

**Есіркепов Ж.М.**

*п. э. к., Қауымдастырылған профессор, спорт кафедрасы  
Халықаралық туризм және меймандостық  
университеті, Түркістан қ., ҚР*

**Құрманбаев Б.І.**

*аға оқытушы, спорт кафедрасы  
Халықаралық туризм және меймандостық  
университеті, Түркістан қ., ҚР*

**Сабденбеков Е.У.**

*аға оқытушы, спорт кафедрасы  
Халықаралық туризм және меймандостық  
университеті, Түркістан қ., ҚР*

## **ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ МЕН СПОРТ ҚҰРАЛДАРЫ АРҚЫЛЫ НАШАҚОРЛЫҚ ДЕРТІМЕН КҮРЕСУ ЖОЛДАРЫ**

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2010 жылғы 23 қыркүйектегі № 1070 Жарғысында «ҚР 2006-2014 жж. есірткі және есірткі бизнесімен күресу стратегиясында» былай делінген «Мемлекеттік есірткіге қарсы іс-әрекетінің ажырамас бөлігі болып, балалар, жастар мен әйелдер арасында салауатты өмір салты, есірткісіз өмір сүру насихаты орын алуы тиіс. Ерекше назар кәметке толмаған балалар мен жасөспірімдердің бос уақытын тиімді ұйымдастыруға аударылуы керек. Ол үшін спорттық секцияларды, қызығушылықтарына байланысты шығармашылық үйірмелерді, аулалық клубтарды кеңінен ашу керек. Сонымен қатар осы салада ғылыми-аналитикалық талдау және зерттеу жұмыстарын өткізу қажет деп атап көрсеткен [1].

Есірткіге қарсы күрес өткен ғасырдың басында халықаралық деңгейде қолға алына бастады. Бұл жайындағы алғашқы конференция 1909 жылы Шанхайда өткізілді.

Есірткі туралы бірыңғай конвенция 1961 жылы қабылданып, 1964 жылғы 13- желтоқсанда күшіне енді. Сол уақыттан бері жаңа ғасыр есігін ашсақ та нашақорлық дерті етектен жабысуын тоқтатқан жоқ.

Нашақорлық – (грек сөзінен аударғанда пагке-манию, ессіздік, құтырыну дегенді білдіреді) адамның жүйке жүйесіне әсер етіп, аз мөлшерде жалған күлкі, көңілділік, көпіріп сөйлеу, жайбырақаттылық немесе қоздыру тудыратын көңіл-күй. Кейбір есірткілер қияли елестер, галлюцинация тудырады. Есірткіні көп мөлшерде пайдалану (табиғи және синтетикалық заттар) мас болу, ессіз ұйқы, улануға әкеледі.

Есірткіні ұзақ қолданғанда әдетте орталық жүйке жүйесі мен ішкі мүшелер зақымданып, ағзаның созылмалы улану құбылыстары дамиды. Психика жағынан бұл көңіл-күй тұрақсыздығы (күйгелектік, уайым), ақыл-ой қабілетінің төмендеуімен (ес, зейін, ойлау) айқындалады. Қызығушылық шеңбері тарылады, ерік-жігер сезімі әлсіреп, төмендейді. Ал кейде адамдық қасиеттер мен еңбек қабілеті толық жойылып қылмыстық әрекеттер жасауға барады. Ішкі мүшелер жағынан жүрек-қан тамыр жүйесі, асқорту аппараты (әсіресе бауырдың), зат алмасу, жыныстық қызмет бұзылады. Адам мерзімінен бұрын қартайып, жүдеу процесі дамиды [2].

Нашақорлық – тұлғаның (ағзаның) тұтастай зақымдануы, осыдан адам құндылықтары жүйесі өзгереді. Бұл, өз кезегінде нашақорлар қоғамға «масыл» ғана емес нақты қауіп тудырады. Нашақорлық қоғамды деградацияға ұшыратады [3].

Нашақорлық пен дене тәрбиесін біз неге бірге қарастырып отырмыз?. Өйткені олардың арасында органикалық байланыс бар, бірақ бұл кері байланыс. Дене шынықтыру мен спорт үстемдік еткен жерде, нашақорлыққа жол табылуы қиын. Нашақорлық жастардың жеткіліксіз моралдық-адамгершілік тәрбиесінен ғана емес, дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстарының жүргізілмеу салдарынан да жандана түсуде.

Соңғы жылдары ҚР-ның барлық өңірлерінде есірткі заттарын пайдалану және олардың заңсыз айналымымен күресу ақуалының нашарлығы сезілуде.

Қазіргі таңда жалпы алғанда, дүние жүзінде 185 миллионға жуық нашақор тіркелсе, оның 60 мыңға жуығы Қазақстанда есепте тұрады. Түрлі жағдайларға байланысты бой ұратын бұл кеселге тоқтау салудың кемі жоқ. Дегенмен, әлеуметтік селкостық дес берер емес.

Есірткіге жоғары сұраныс, өз кезегінде наркоқылмыстың өсуін күшейтеді. Жаңа қауіпті құбылыс «отбасылық» нашақорлықтың белең алуында, яғни отбасының бір адамы басқаларды, соның ішінде балаларды нашақорлыққа тартуы. Бұл құбылыс Алматы т.б. ірі қалаларда кеңінен таралуда.

Аталған бұл дерт нашақорлық және токсикоманиялық болып бөлінеді. Нашақұмарлыққа заңмен тиым салынған, ал токсикомания әсіресе жеткіншектер мен жасөспірімдер арасында жиі кездеседі. Олар бензин, ацетон, бензол, эфир, толуол, хлороформ, бояу және эмаль еріткіштер, желім, тешегіш сұйықтығын т.б. пайдаланады. Аталған заттар тұрмыста және өндірісте кеңінен қолданылғандықтан токсикомандар бұл заттарды целлофан пакетке құйып, олардың буларымен демалады. Бастапқыда иіскеу сеанстарды эпизодты, кейін күніне 4-6 рет күнделікті әдетке айналады. Соңынан бас айналдыратын затқа тұрақтылық өседі.

Токсикомандар оқу сабақтарына қатыспайды, жұмысқа бармайды, уақытын өзі сияқтылармен өткізеді, күндіз көп ұйықтайды. Олар өңсіз болбыр, ештеңеге зауқы соқпайды. Ес прогрессивті нашарлайды, ақыл-есі кемуге дейін барады.

Екінші қарапайым мысал: шифр-шайдың концентрациялы қайнатпасы, токсикомания тудырады. Оны ішкеннен кейін 30-40 минуттан соң көңіл-күй көтеріліп, рахатқа батады. Адамдар көп сөйлеп, көңілді болады, ұйқы бұзылады, қорқыныш және күйгелектік пайда болады. Біртіндеп тұлға өзгереді, қызығушылық шеңбері тарылады, әлеуметтік белсенділік төмендейді.

Біз Түркістан қаласының мектептерінде 14-17 жастағы оқушылармен және наркодиспанцерлерде есепте тұрған балалар мен жасөспірімдерден сауалнама алдық.

1. Балалар наркотик туралы алғашқы мәліметтерді, әдетте 12 жасқа дейін алған. 8-сынып оқушыларының 2%-ы өмірінде бір рет болса да есірткі қолданған. Сыныптан сыныпқа бұл пайыз ұлғая түсіп, 11-сыныпта «винт» немесе «экстази» дәмін білетіндер саны үштен бірге артты.

2. 2008 жылдың бас кезінде 5 мыңға жуық жас Қазақстандық бір рет болса да есірткі дәмін татқан.

3. Нашақорлықтың таралуына не ықпал етеді. Оқушылардың 18%-ы бос уақыттарын подъездерде не көшеде өткізеді. Жеткіншектердің 24%-ы түнгі клубтар мен дискотекаларға барады. Сұралғандардың 58%-ы ғана үй тапсырмасын дайындайды.

4. Сауалнама нәтижесінде, әр жүз оқушының 35%-ы ешқандай позитивті қызметпен айналыспайды, 28% балалар істейтін ештеңе болмағандықтан есірткімен айналысқандарын мойындады, 30%-ы есірткіні – сән деп есептейді, 41%-ы есірткінің дәмін татуға болады, қорқатын ештеңе жоқ деп сеніммен айтады.

Сараптау қорытындысында: жас адамның өзі де, оның ата-анасы да, құрбылары да, ешқандай ықпалды топ немесе ұйым балалар мен жеткіншектер арасында мәселені жалғыз шеше алмайды. Әр саналы адамға, әсіресе, педагогқа өз жұмыс орнында нақты не істеу керек? Соның ішінде адамдық тұлға мен денсаулықты құртатын нашақорлықпен күресуде әрбір адамға, дене шынықтыру, спорт және туризм мамандарына не істеу керек? – деген сұрақ туындайды.

Белгілі футбол т.б. спорт түрлеріне, спорт командаларындағы спорт жұлдыздарына табынатын жастар топтары – фанаттардың пайда болуы жағдайды күрделендіре түсуде. Мұндай топтарда әдетте өз философиясы жоқ, олардың мүшелерін қызығушылық ортақтығы ғана біріктіреді.

Зерттеулер көрсеткендей, мұндай топтар спорт жарыстарын көрсеткен кезде, нашақорлар ықпалымен әлеуметтік қауіпті күшейте түседі. Сонымен бірге, мысалы, экстремистік топ мүшелері тұрақты дене дайындығымен шұғылданады. Алайда адамгершілік тәрбиенің жетіспеуінен олар дене күштерін қылмыстық әрекеттерге пайдалануға жұмсайды.

Қазақстан Республикасында нашақорлықтың негізгі себептері ішінде нашақорлық профилактикасында спорт, дене шынықтыру, туризм мүмкіндіктерін тиімсіз пайдалануын атауға болады. Нашақорлықтың бастапқы профилактикасы – есірткі айналымына қарсы тұруға ең тиімді жол дене шынықтыру құралдарын пайдаланып, спортпен шұғылдану болуы тиіс.

Дене шынықтыру-профилактикалық қызметтің өзіндік ерекшелігі – тұлғаға кешенді әсер ету, мінез-құлықты өзгерту, табиғи қажеттілікті қанағаттандыру, өскелең ағзаға ықпал етудің күшті құралы болып табылады. Дене жүктемелері ағзаның саналуан жүйелерін қалыптастырып, адамның қимылдағы табиғи қажеттілігін де қанағаттандырады. Осыған байланысты спорт қызметін нашақорлыққа балама ретінде қарастыруға болады.

Дене тәрбиесінің жалпы курсына және көпшілік-дене шынықтыру қозғалысында спорт түрлерінен жарыстардың маңызы зор және жеткіншектер мен жастарда, олардың нашақорлыққа қарсы тұруына қажетті қабілеттер тәрбиелеуге табыспен пайдалануға болады.

Дене тәрбиесі мен спорттың жоғары беделін жастар алдында нашақорлықпен күресті ұйымдастырауға тиімді пайдалану қажет. Спорт мінезді шынықтырады, қиындықты жеңуге, тағдыр соққысын еңсеруге, тұлғаны қалыптастыруға, өзіңді жеңіп, өз әлсіздігіңмен күресуге үйретеді. Спортпен шұғыл-

дану салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастырады, жаман әдеттерден аулақ болуға үйретеді, өмірге қажетті дене қабілеттерін (күш, шыдамдылық, шапшаңдық, икемділік, ептілік) дамытып қана қоймай, мінездің ерік-жігер белгілерін (батылдық, ержүректілік, жеңіске деген құштарлық т.б.) де дамытады [4].

Сонымен, дене тәрбиесі және спорт құралдарымен нашақорлық профилактикасы дегеніміз – психо белсенді заттармен жастарды еліктіруге қарсы тұру кепілі ретінде дені сау, ой-өрісі, сана-сезімі ояу, рухани бай балалар мен жеткіншектер қалыптастыру.

Есірткі және басқа психотрофты заттарды таратуды азайтуға балама наркотизация ықпал етеді. Мұндай балама қызметтің мысалдары спорттың белсенді түрлерімен айналысу болып табылады.

Соңғы кезде алыс және жақын шет елдерде балалар мен жастар арасында көңіл көтеру практикасының сәнге айналған бағыты – спорттың экстремальды түрлері: роллер-спорт, сноуборд, скейборд, вэйкборд, виндсерфинг, жылдамдыққа құзға өрмелеу т.б. кең таралуда. Осы спорт түрлерін елімізде де насихаттауға мүмкіндіктер жеткілікті.

Сан аулан оқу-тәрбие бағдарламаларында дене жаттығулары сабақтары бірнеше кезеңге: демалысты тиімді ұйымдастыру, сауықтыру құралдары, оқушыларды айналадағы қылмыстық ортадан назарын бұру, дене шынықтыру және спортпен үнемі шұғылдануға тарту әдісі ретінде қарастырылуы тиіс [5].

Жүргізілген зерттеулер мен тәжірибе көрсетіп отырғандай, сабақтар жүйелілігімен (сабақтар аптасына 3-4 рет), үздіксіздігімен (жыл бойы) сипатталуы керек. Оқудан тыс сабақтарды оқушыларға тиімді уақытта (17-20 сағат) ақысыз жүргізу керек, ал педагог (жаттықтырушы, мұғалім) еңбегі адекватты төленуі тиіс.

Білім басқармасы (бөлімдер) басшыларына – спорт-сауықтыру топтарының жұмысына тиісті жағдайларды қамтамасыз ету, спорт базасын жасақтау, спорт құрылыстарын тиімді пайдалану, қатысушылардың денсаулық деңгейін, наркодиспансерлерде есепте тұрған нақты оқушылар санын қадағалау, спорт-сауықтыру топтарының жұмысын есепке алып оқу сабақтарына оңтайлы кесте құрастыру, дене шынықтыру мен спорт құралдарын және жастардың салауатты демалысын қамтамасыз етуде олардың ролін насихаттауды ұйымдастыру өте маңызды.

Бірқатар тәжірибелік ұсыныстарды іске асыруға ерекше көңіл бөлу керек:

1. Оқушы жастарды спортпен үнемі шұғылдануға барынша көп тарту, осының өзі нашақорлық профилактикасының тиімді шарасы болып табылады;

2. Әр оқу орнында нашақорлықты дене шынықтыру, спорт және туризм құралдарымен сауықтырудың өз идеясы, өзінің ішкі бағдарламасы болуы тиіс;

3. Салауатты өмір салтын қалыптастыру қажеттілігі оқу үдерісінде, сондай-ақ оқудан тыс уақытта да міндетті түрде жүзеге асырылуы тиіс;

4. Нашақорлықты түбірімен құртуға педагогикалық ұжым қызметінің нәтижелерін немен өлшеу керектігін нақты анықтау керек. Осы бағыттағы жетістіктер, мысалы:

– дене шынықтыру-сауықтыру және спорт жұмыстарына қатысушыларды оқудан тыс уақытта қалай тартылғанын жүйелі талдау және бағалау;

– әр оқу мекемесі біртіндеп салауатты өмір салты мектебіне айналып, олардың әрқайсында – бүкіл оқу сыныптары мен топтары тиісті байқауларға қатысушылар болып табылып, әр оқушы ретімен кезекпен тартылуы тиіс;

– аурушаңдық, қылмыс жасаушылар, шылым тартушылар санының азаюы дене дайындығы мен дене дамуы деңгейінің жылдан-жылға жақсаруы.

Оқу жылында кемінде бір рет міндетті түрде Педагогикалық Кеңесте оқушылардың денсаулығын нығайту жөніндегі жұмыс жағдайын сипаттайтын материалдарды қызмет көрсетуші медицина мекемесімен бірге дайындап және талқылауға ұсынылуы тиіс.

5. Дене шынықтырудың тиімді әсерінің жарқын мысалын табу және оны педагогикалық және оқушылар ұжымдарында жариялылық жетістігіне айналдыру қажет.

6. Келесі бағыттарда нақты бір түрге назар аудару тиімді:

а) оқушыларды және барлық педагогтарды денесін жетілдіруге қызығушылығын арттыру, дене шынықтыру құндылығын ашу, дене шынықтыру-спорт сабақтарының өмірлік қажеттілігін түсіндіру, дене жаттығуларымен өз бетінше шұғылдануды насихаттау;

б) барлық сыныптар мен курстарда, оқу орнында ата-аналар мен оқушыларды, бітірушілерді барынша тарту арқылы спорт элементтерін енгізіп жарыс, демалыс ұйымдастыру, солардың көмегімен дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық бағытта қызығушылық клубтарын құру;

в) директорлардың басшылығымен педагогикалық ұжымда салауатты өмір салтын насихаттауда ақпараттық-әдістемелік жұмыс жүргізу, барлық оқушыларды нашакорлыққа қарсы насихаттың жаңа әдістерімен таныстыру және жүйелі тәжірибе алмасу;

г) «Ең спортшы сынып» атты тұрақты байқаулар ұйымдастыру, ынталандыру арқылы «Президенттік сынама» жарыстарын т.б. көпшілік-сауықтыру шараларын өткізу, оларға барлық педагогтар мен оқу топтарының басшыларын қатыстыру;

д) өткізілетін жұмысқа қаржы және материалдық-техникалық қамтамасыз ету мәселелерін шешу, ең алдымен клуб және спорт үйірмелер қызметі, туристік жорықтар төлемақысын, дене тәрбиесі және кәсіптік білім, басқа да көпшілік, соның ішінде дене тәрбиесі, спорттық, медициналық басылымдарда жарияланған материалдарды сатып алу және көбейту, демалыс қызметін ұйымдастыруға спорт құрал-жабдықтарын сатып алу;

е) «Дене тәрбиесі және спортты дамыту туралы» Заңындағы және ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасының Жарлығымен Қазақстан Республикасында дене шынықтыруды және спортты дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасындағы көпшілік-дене шынықтыру және спорт шараларына, дене шынықтыру-сауықтыру клубтарын құруға қажет қосымша қаражат бөлу мүмкіндіктерін барынша пайдалану т.б.;

ж) жеткіншектер ағзасын сауықтырып, нығайтуға спорт түрлерінен жарыстар ұйымдастырып, жұмыстың жаңа түрлерін пайдалану, мысалы, фитнес, аэробика, атлетикалық гимнастика, т.б.

Ұлттық және халықаралық спорт түрлерін кеңінен насихаттау арқылы әскерге шақырылатын жастағы жеткіншектердің дене дайындығы мәселесін шешуге болады.

Мәселе, ұйымшілік жарыстарды көп өткізуде емес, оқу жылы барысында өтетін 8-10 жарысқа әр оқушының қатысуында болып отыр. Топтан (сыныптан) екі-үш команда, жеке командалық жарыстарда жақсы баға алу: жеңіл атлетика, дала, шаңғы жарысы, үстел теннисі, баскетбол, футбол, волейбол т.б. кімде ынта болса, ешқандай кедергісіз қатысуға мүмкіндік алуға тиіс.

7. Ең маңызды, сонымен бірге көпшілікке әлі де қиын мәселе: оқушылардың дене шынықтыру сабағына қызығаушылығын қалай оятуға болады?

8. Педагогикалық ұжымда дене тәрбиесі жұмысын салауатты өмір салтын құраушы басқа пәндерден бөлек жүргізуге болмайды. Оқу орнында салауатты өмір салты бірлескен ұйым болуы тиіс, онда ең алдымен дене шынықтыру мен спорт есірткіге қарсы негізгі күш ретінде айқындалады, алайда ол дене тәрбиесі мамандарына ғана сеніп тапсырылуы тиіс емес.

Жоғарыда айтқанымыздай бұл бір ғана тиісті мекеменің немесе адамның күресетін, қолынан келетін іс емес. Нашакорлықты әлемді соғыссыз жаулап бара жатқан «дерт» деп қарайық. Нашакорлық – өте қауіпті дерт. Онымен күресуге әрқашан дайын болуымыз керек. Есірткі затының ағзаға әсері үш сатыдан тұратынын ұмытпайық: 1) ынталандырады, 2) күйретеді, 3) өлімге жетелейді.

Осы аты өшкір дертке бой алдырмай, әлемдік ағзаның қан айналым жүйесін тазартып, өскелең ұрпақты толыққанды сауықтырғанымыз абзал.

#### **ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 23 қыркүйектегі № 1070 Жарлығы.
2. Ахметов Н.А., Сахаев Б.А., Бозтаева С.Ж. Профилактика нормамания и реабилитация наркозависимых лиц // Вестник физической культуры. – Алматы, 2008. – № 1. – 29-32 с.
3. Құлназаров А.Қ., Заркешов Э.Г. Нашакорлық және оқушылар / Оқу әдістемелік құрал. – Алматы, 2005. – 55 б.
4. Мадиева Г.Б., Онгарбаева Д.Т., Мадиев Е.К. Формирование савыков здорового образа жизни средствами физической культуры // Вестник физической культуры. – Алматы, 2013. – № 1. – 14-18 с.
5. Асылбеков Б.А. Студенттердің денсаулығын жақсарту мақсатындағы салауатты өмір салты негіздері мен дене тәрбиесі // Дене тәрбиесінің жаршысы. – Алматы, 2014. – № 1. – 121-124

**Есіркепов Ж.М.**

*п. э. к., Қауымдастырылған профессор, спорт кафедрасы  
Халықаралық туризм және меймандостық  
университеті, Түркістан қ., ҚР*

**Уразбаев А.А.**

*аға оқытушы, спорт кафедрасы  
Халықаралық туризм және меймандостық  
университеті, Түркістан қ., ҚР*

**Мурзабеков М.М.**

*аға оқытушы  
Қорқыт ата атындағы ҚУ, Қызылорда қ., ҚР.*

## **БЕЙІМДІК ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ САЛАСЫНДА МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ СПОРТШЫЛАРҒА КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУДІҢ МАҢЫЗЫ**

Мүгедектер спортын дамыту ғасырдан астам уақыт бұрын қолға алынғандығы тарихтан белгілі. Білікті дәрігерлер сонау XVIII-XIX ғасырларда «Мүгедектікті оңалтудың ең тиімді тәсілі – үздіксіз қозғалыс», – деген тоқтамға келген [1]. Сол уақыттан бастап оларды спортқа икемдеудің бастапқы қадамдары басталды.

ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаев 2015 жылғы халыққа Жолдауында «Мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін Қазақстан кедергісіз аймаққа айналуға тиіс», деп атап көрсетті [2]. Қазіргі таңда мемлекет тарапынан мүмкіндігі шектеулі адамдардың қоғамнан тыс қалмауына жіті көңіл бөлінуде. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының «Мемлекет даму мүмкіндіктері шектеулі азаматтардың білім алуына, дене дамуындағы ауытқуды түзетуіне және әлеуметтік бейімделуіне жағдай жасауды қамтамасыз етеді», – деген тармағына сәйкес денсаулық жағдайында ауытқулары бар адамдардың кәсіптік білім алуларына қолайлы жағдай жасау үдерісі жанданып келеді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 13-наурыздағы қаулысымен ҚР Спорт және дене шынықтыру істері агенттігінің жанынан «Дене мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға арналған спорттық даярлау орталығы» РМҚК-ның ашылуы еліміздің барлық өңірлерінде мүмкіндігі шектеулі жандардың спортпен жүйелі түрде шұғылдануына тың серпін әкелді.

Қазіргі таңда Мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың назарын мүмкіндігі шектеулі адамдардың дене тәрбиесі жаттығуларымен жүйелі түрде айналысуына тарту үшін, бейімдік дене тәрбиесінен білім беру өте өзекті мәселе болып табылады. Мемлекет тарапынан жасалып жатқан зор қолдаулардың нәтижесінде еліміздегі барлық білім мекемелерінде мүмкіндігі шектеулі жандардың дене тәрбиесі және спортпен шұғылдануына айрықша көңіл бөлінуде. Сонымен қатар, бейімдік дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесіне, оның философиясына, мазмұнына, білім жүйесіндегі маңызына, әсіресе «Денсаулық жағдайында ауытқулары бар тұлғаларға арналған дене тәрбиесіне» мамандар даярлау үдерісі де қарқынды дамып келеді [3].

Жоғарыда аталған авторлардың көптеген зерттеулері кәсіби білім беру шеңберінде осы санаттағы адамдар үшін өмірлік қажетті дене жаттығуларымен айналысу болып табылады, өйткені олар физикалық, медициналық және әлеуметтік бейімделу міндеттерін бір мезгілде шешуді табиғи түрде интеграциялайды.

Дене жаттығуларымен жүйелі түрде айналысу денсаулықтың нығаюына және денсаулығында ауытқуы бар адамдардың әртүрлі қимыл-қозғалыстарын дамыту және өзіне-өзі қызмет көрсету қимыл дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді.

Бейімдік дене тәрбиесі бойынша білім беру еліміздің көптеген жоғарғы оқу орындарында жүргізіліп келеді, бірақ олардың бірқатары ғана мүмкіндігі шектеулі спортшыларды кәсіби даярлауды ғана жүзеге асырады. Спортта жоғары нәтижелерге қол жеткізген мүмкіндігі шектеулі спортшылар арасында (соның ішінде Қазақстан паралимпиадалық құрама командасының мүшелері) жаттықтырушылық қызметтерінде өз тәжірибесі мен білімін жүзеге асырғысы келетіндердің саны жыл өткен сайын өсіп келеді. Қызылорда қаласындағы «Жігер» мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған арнайы клубтың оқу-жаттығу базасында өткізілген сауалнама нәтижесін сараптағанымызда бейімдік дене тәрбиесі саласындағы жағары кәсіби білімді әрбір үшінші респондент алғысы келетінін көрсетті.

Мүмкіндігі шектеулі спортшыларды даярлау жұмысын еліміздегі дене тәрбиесі мен спорттың қара шаңырағы Қазақтың спорт және туризм академиясы көп жылдан бері жүзеге асырып келе жатқанын атап өтуге болады.

Сонымен қатар, біздің зерттеулеріміз қазіргі Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік университеттердің білім беру ортасы мүмкіндігі шектеулі спортшыларды оқытудың талаптарына сәйкес келетіндігін көрсетті.

Біріншіден, дене тәрбиесі факультетінің профессор-оқытушылары өз әріптестерінен және басқа факультеттердегі білікті ғалымдардан жеткілікті кеңес ала алады.

Екіншіден, жетекші мемлекеттік университеттерде денсаулық жағдайында ауытқулары бар көптеген студенттер білім алуда, бұл мүмкіндігі шектеулі спортшыларға қазіргі инклюзивті студенттік қоғамдастық арқылы қолдау көрсетуге мүмкіндік мол екендігін білдіреді.

Үшіншіден, мүмкіндігі шектеулі спортшылар бейімдік дене тәрбиесі бойынша жаттықтырушы-оқытушы мамандығын меңгеретіндіктен, олардың дене мүмкіндіктері шектеулі тұлғалармен дене тәрбиесі сабақтарын ұйымдастырып, өткізу мүмкіндіктері қарастырылған.

Біз мүмкіндігі шектеулі спортшыларды қолдау мақсатында 2018-2019 оқу жылынан бастап Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің «Дене шынықтыру және спорт» мамандығының күндізгі оқу бөліміне мүмкіндігі шектеулі спортшыларды қабылдау бағытында кәсіби бағдар беру және насихат жұмыстарын жүргіздік. Бұл жұмыс жыл сайын жүргізіліп келеді. Жүйелі жұмыс нәтижесінде «Дене тәрбиесі және спорт» мамандығына білікті жоғары спортшылар қабылданды (көзі нашар көретін, тірек-қимыл аппараты зақымданған). Қазір олардың көпшілігі Қазақстан Ұлттық құрама командасының мүшелері болып табылады.

Кесте – 1

**Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің «Дене шынықтыру және спорт» мамандығына түскен мүмкіндігі шектеулі спортшылар туралы мәлімет.**

Аты – жөні	Спорт түрі	Спорттық дәрежесі	Спорттағы жетістіктері
Асқарова К.	Пауэрлифтинг	ҚР ХДСШ	Паразия ойындары, 3 орын, Катар, 2018
Салимов И.	Жеңіл атлетика	ҚР ХДСШ	Паразия ойындары, 3 орын, Дубай, 2017
Оразалыұлы О.	Парадзюдо	ҚР ХДСШ	Парадзюдодан Әлем чемпионаты, 1 орын, Португалия, 2018
Гуревнин В.	Жеңіл атлетика	ҚР ХДСШ	ҚР Паралимпиада ойындары, 100, 200, 400 м. 1 орын, Ақтобе, 2019
Қасқабаев Б.	Отырып ойнайтын волейбол	ҚР ХДСШ	Паразия ойындары, 3 орын, Индонезия, 2018

Сауалнама нәтижесіндегі мүмкіндігі шектеулі спортшылар үшін кәсіби білім алудың басты себеб, ең алдымен, өздері айналысатын қызмет туралы білім деңгейін көтеру, сондай-ақ қиын өмір жағдайына тап болған адамдарға кәсіби көмек көрсету болып табылатынын көрсетті. Отандық және шетелдік ғалымдардың [4,5,6] еңбектерін талдау барысында педагогтың бейімдік дене тәрбиесі бойынша рөлі мен орны оның кәсіби білімдерімен және біліктіліктерімен, жалпы мәдениетінің деңгейімен ғана емес, сонымен қатар адамгершілік, ұйымдастырушылық қасиетімен гуманистік бағдарымен анықталтындығына көз жеткіздік.

Спортшылардың айтуынша, олар Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетін таңдап алудағы басты себебі: Қорқыт Ата атындағы ҚУ-нің дипломы, Қазақ спорт және туризм академиясы сияқты тек кәсіби білікті болуға ғана емес, сонымен қатар, олардың кәсіби бәсекеге қабілеттілігін Республиканың кез-келген жоғары оқу орындарында дәлелдеуге мүмкіндік береді.

Жыл бойы дене тәрбиесі және спорт мамандығында білім алатын мүмкіндігі шектеулі спортшыларды оқыту ерекшеліктерін зерттеу барысында Қорқыт Ата атындағы ҚМУ-де шешуді талап ететін негізгі мәселелерді анықтауға мүмкіндік берді.

1. Инклюзивті білім беру идеологиясына сәйкес дені сау студенттер мен мүгедек студенттердің бір-біріне толерантты қарым-қатынасын қалыптастыру өте маңызды. Алайда, В.З. Контор атап өткендей, бірлескен оқыту – бұл инклюзия емес. Интеграция тек оқу қызметі деңгейінде ғана кең таралған, ал денсаулық мүмкіндіктері шектеулі тұлғалар студенттік белсенділіктің басқа салаларына қатысты «ортадан тыс» сияқты болып табылады. Мүмкіндігі шектеулі студенттер оқу үрдісі жағдайында өздерінің ерекшеліктерімен де алда тұрады.

2. Оқытушыларда мүмкіндігі шектеулі адамдармен қарым-қатынаста бірқатар мәселелер байқалды. Бұл мүмкіндігі шектеулі студентке қатысты теріс ұстанымға ие болуға бейімділікпен көрінуі мүмкін. И. Кузнецовтың пікірінше, мүмкіндігі шектеулі адамдармен жұмыс істеу кезінде маман үшін оның сезімімен, уәждерімен, өз міндеттерін саналы түрде идеологиялық әрекетімен аяғына дейін жеткізе алмауы мүмкін [ ]. Бұл оқытушы өзі сау болғандықтан, оның денсаулығы мүмкіндігі шектеулі



студентпен қарым-қатынас жасауда кедергіге айналады. Осы мәселелерден басқа практикалық пәндерден дәріс беретін оқытушылар дене жаттығуларымен айналысу барысында мүмкіндігі шектеулі студентке зиян келтіру қорқынышы пайда болады, өйткені студенттің дене жүктемелеріне реакциялары мүлдем басқа болады.

3. Мүмкіндігі шектеулі студенттермен практикалық пәндер бойынша сабақтар өткізу ерекшеліктері қандай да бір оқу пәнін игерудің нәтижелілігіне қарай қандай да бір құзіреттілікті қалыптастыруға ықпал ететін әдістемелік материалдарды әзірлеуді талап етеді. Практикалық сабақтардың мазмұнын таңдау мүмкіндігі шектеулі спортшылардың мүмкіндіктерін және олардың болашақ кәсіби қызметінің ерекшелігі ескерілуі тиіс.

4. Мүмкіндігі шектеулі студенттер жеке жоспар бойынша оқиды. Алайда, жеке жоспар мүмкіндігі шектеулі спортшыларға білім беру бағдарламасын игеруге кедергі келтірмейді. Бұл студенттер үшін қосымша кеңес беру сағаттары қарастырылмаған. Оқытушылар бірінші кезекте жалпы кәсіптік пәндерді оту барысында түрлі себептермен мүмкіндігі шектеулі студенттермен сынақ-емтиханға дейін тығыз байланыста болуға тәуекел етпейді. Осыған байланысты мүмкіндігі шектеулі спортшыларға бағдарламаны өз бетінше меңгеруге тура келеді.

5. Мүмкіндігі шектеулі студенттердің спорттық оқу-жаттығу жиындарда болған кезеңінде оқу үдерісін ұйымдастыруға біршама қиындықтар туғызады. Әсіресе спорттық-педагогикалық пәндер бойынша өз бетінше жұмыс істеуге арналған электронды әзірлемелердің университетте толық болмауы. Сонымен қатар, заманауи ақпараттық технологиялар жылдам дамып келе жатқан компьютерлік және телекоммуникациялық жүйелердің артықшылықтарын ескере отырып, педагогикалық білім беру қызметін, соның ішінде дене тәрбиесі және спорт саласындағы озық жетістіктерді қашықтықтан оқытудың озық үлгілері ұсынылуы керек.

Мүмкіндігі шектеулі спортшыларды оқыту кезінде туындайтын қиындықтар ерекше жағдай жасау қажеттілігін анықтайтын екі негізгі фактормен байланысты:

- 1) Оқыту үдерісін ұйымдастыруда өзгертулерді талап ететін олардың мүмкіндігінің шектеулігі;
- 2) Спорттық оқу-жаттығу жиындары мен жарыстарға қатысатын жоғары спорттық жетістіктер.

Бұл мәселені шешу үшін студенттер «Бейімдік спорт» вариативті модуль бойынша оқитын тапқа біріктіріліп, жылына студентке 50 сағат бөлуді қарастыратын жеке оқу түріне ауыстырылды. Студенттердің оқу пәндерін тиімді игеруі үшін университет оқытушылары жеке дербес тапсырмалар жүйесін әзірлейді.

Мүмкіндігі шектеулі спортшыларды оқытудың алғашқы жылы мәселелерді анықтап қана қоймай, осы жобаның келешегін де көрсетті. Студенттер жазғы-қысқы сынақ-емтихандарды табысты өткізіп, ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысып, студенттердің ғылыми-тәжірибелік конференциясында нәтижелерін баяндады, сондай-ақ Қызылорда университетінің мәртебесін көтеріп, параолимпиадалық Азия, Әлем чемпионаттарында сәтті өнер көрсетуде.

Алынған нәтижелер мүгедек спортшылар педагог дипломын алып, өзінің кәсіби мансабын құрып, бейімдік дене тәрбиесі бойынша табысты жаттықтырушы-оқытушы бола алатынына негіз бар.

#### **ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Марчибаева У.С., Токтарбаев Д.Г., Стоцкая Е.С., Сыздыкова С.Ж., Сидрова Р.В., Моисеева Н.А., Тунгушмуратова Л.С. Бейімдік дене шынықтыру және спорт / Оқу құралы. – Нұр-Сұлтан, 2019. – 408 б.
2. ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаев 2015 жылғы халыққа Жолдауы
3. Алимханов Е.А., Арещенко А.И., Мадиева Г.Б., Онгарбаева Д.Т. О проблеме приобщения инвалидов к занятиям физической культурой и спортом в условиях вузовского профессионального образования // Вестник физической культуры. – Алматы, 2013. – №1. – 69-71 с.
4. Евсеев С.П. Адаптивный спорт / С.П.Евсеев, Ю.А.Бриский, А.В.Передерий. – М.: Сов.спорт, 2010. – 316 с.
5. Джозеф П.В. Адаптивное физическое воспитание и спорт / Уч.пособие. – Киев: Олим.лит., 2010. – 618 с.
6. Курдыбайло С.Ф. Врачебный контроль в адаптивной физической культуре / Учеб.пособие. – М.: Советский спорт, 2004. – 188 с.

**Жумадилханов А.А.**  
к.п.н., и.о. профессора кафедры  
физического воспитания и спорта  
ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, г. Астана, РК

**Мухиддинов Е.М.**  
к.п.н., профессор, заведующий  
кафедрой физической культуры и спорта  
КазНПУ им.Абая, г. Алматы, РК

**Сакаев Б.А.**  
ЗТ РК, профессор  
кафедры физической культуры и спорт  
КазНПУ им.Абая, г. Алматы, РК

**Сейсенбеков Е.К.**  
к.п.н., профессор  
кафедры физической культуры и спорт  
КазНПУ им.Абая, г. Алматы, РК

## **ФИЗИЧЕСКИЕ КАЧЕСТВА, РАЗВИВАЮЩИЕ КООРДИНАЦИОННЫЕ СПОСОБНОСТИ В ФУТБОЛЕ**

Крепкий двигательный аппарат, хорошие конституционные и нейромышечные качества необходимы для того, чтобы игрок мог располагать высокоточными координационными навыками. Обладание здоровым, развитым и крепким телом помогает улучшить эти нейромышечные качества, а также психомоторные и технические навыки игрока. Использование данной методики позволило изучить состояние проблемы, определить цель и задачи исследования. Изучена и проанализирована научная и методическая литература, по вопросам обучения и совершенствования координационных способностей юных спортсменов 15-16 лет, в футболе. Особое внимание уделено анализу эффективности средств и методов подготовки юных футболистов [1, с.27]. Цели и задачи исследования состояли в научном обосновании и экспериментальной проверке усовершенствования координационных способностей юных футболистов 15-16 лет.

Для решения поставленных задач использовался комплекс методов исследования, включающий: анализ научно – методической литературы, педагогическое наблюдение, педагогическое тестирование, методы математической статистики.

Обследование тренировочной активности юных футболистов 15-16 лет, осуществлялось на базе футбольной академии ФК «Астана». Под наблюдение была взята команда футболистов 15-16 лет. Продолжительность наблюдения составила 10 месяцев, с 15 января по 15 октября, 2016 года, в ходе которого изучались особенности применяемой методики, средства и методы, производился сбор практических данных.

*Координация:* Координация лежит в основании хорошего технического мастерства в футболе. Координационные способности позволяют игроку контролировать, соизмерять и с точностью управлять своими действиями.

*Быстрота:* Она может быть описана как «аристократический» элемент современной игры. Быстрота – фактор, который позволяет игроку выполнять двигательные действия настолько быстро, насколько это возможно, в результате функционирования процессов нейромышечной системы и силы тела.

*Мышечная сила:* Мышечная сила – способность, которая позволяет человеку производить напряжение в мышечном сокращении. Оно может быть произведено отдельной мышцей или мышечной группой. Это напряжение производится во взрывной манере и обеспечивает повышение мышечной мощи (продукт силы, произведенный скоростью движения). Наряду с физической энергией, тонусом и динамизмом она повышает уверенность [2, с.4].

*Гибкость (подвижность):* Гибкость – способность совершать движения, вовлекающие один или большее число суставов, с легкостью и значительной амплитудой движения. Гибкость зависит от двух факторов: суставной подвижности и способности растягивать мышцы.

*Аэробная выносливость* – способность тела выносить череду усилий как можно дольше, без прекращения работы. Достаточное количество кислорода (O<sub>2</sub>) необходимо для «сжигания» в этом виде выносливости. Этот фактор помогает телу восстанавливаться между звеньями в цепи напряжений.

*Анаэробная выносливость* – способность тела выносить череду интенсивных усилий без потребления кислорода (O<sub>2</sub>). С этим типом высокоинтенсивной выносливости анаэробный процесс производит молочную кислоту, мышцы в свою очередь насыщаются этой кислотой, что часто приводит к уменьшению интенсивности усилий или даже к прекращению движения, а вместе с ним и специфической деятельности в матче [3, с. 79-84].

*Физическая подготовка, развитие и тренировка:* Выносливость (аэробный и анаэробный пути энергообеспечения).

Мышцы функционируют благодаря снабжению энергетическими субстратами, которые поступают из пищевых энергетических ресурсов и естественного окислителя, а именно кислорода (O<sub>2</sub>) для производства необходимого топлива: аденозин трифосфат (АТФ).

АТФ синтезируется (производится) посредством деятельности трех путей энергообразования:

- Путь АТФ-КФ (богат энергией для взрывных и непродолжительных мышечных сокращений).
- Гликолитический путь (расщепление углеводов глюкозы).
- Окислительный путь (процесс расщепления субстратов с участием кислорода).

АТФ-КФ и гликолитический путь являются главными источниками энергии в течение нескольких первых минут интенсивных упражнений. Для более длительного усилия, которое требует значительного притока энергии, окислительный путь является главным источником энергии (аэробный метаболизм).

Эффекты тренировки на выносливость – *Аэробная выносливость:*

- Способствует восстановлению в короткий и продолжительный период.
- Замедляет наступление физической и психической усталости.
- Улучшает сердечнососудистую циркуляцию и увеличивает число капилляров вокруг и внутри мышц.

- Помогает активизировать более глубокое, полное дыхание.

- Делает сердце более сильным и эластичным.

- Увеличивает запасы гликогена.

- Позволяет организму лучше сжигать жиры.

- Устраняет токсины.

- Уменьшает риск получения травм.

*Анаэробная выносливость:*

- Увеличивает способность фосфатной системы, тем самым задерживая закисление мышц.

- Помогает игроку работать интенсивнее и продолжительнее.

- Помогает игроку приспособиться и терпеть молочную кислоту.

- Увеличивает эффективность работы, в особенности, когда речь идет о прессинге и длинных интенсивных рывках.

Какие факторы оказывают влияние на проявление выносливости? Максимальное потребление кислорода (МПК).

В качестве индикатора для оценки аэробной способности и сердечно-дыхательной выносливости спортсмена, МПК определяется как:

Максимальный объем кислорода, который может быть израсходован во время длительных упражнений с постепенно возрастающей интенсивностью, главным образом используя аэробные процессы. Оно (МПК) измеряется в мл/кг/мин, с использованием специальных лабораторных тестов или тестов в полевых условиях.

До некоторой степени этот показатель может быть для атлета эквивалентом кубического объема двигателя. Следовательно, чем больше кубический объем и чем более эффективно игрок способен использовать его содержимое, тем лучше будет его производительность в матче. У спортсменов высшего класса показатель МПК – где-то около 70 мл/кг/мин и даже более, в зависимости от уровня выносливости требуемого в их виде спорта. В футболе на сегодняшний день МПК стало показательным критерием. Учитывая, что норма варьируется между 58 и 68 мл/кг/мин для первоклассных игроков и даже среди молодых игроков, показатель МПК от 60 до 62 мл/кг/мин считается хорошим [4, с.256].

Быстрые и медленные мышечные волокна. Количественное соотношение медленных волокон (МВ) и быстрых волокон (БВ) в мышцах также оказывает влияние на выносливость. Соответствующая тренировка может превращать быстрые мышечные волокна в медленные. Обратное воздействие также возможно, но только в очень ограниченных пределах. При тренировке выносливости, особенно общей (аэробные способности), где быстрые волокна могут «уснуть», рекомендуется включать координационные, скоростные или другие реактивные упражнения в конце тренировочного занятия на выносливость.

**Анаэробный порог.** Это – индивидуальный показатель, который может иногда значительно варьироваться. Он показывает концентрацию лактата (молочной кислоты) в крови для определенной интенсивности упражнения. До концентрации молочной кислоты в крови на уровне 4 ммоль/л энергия главным образом производится аэробным путем с участием кислорода. Свыше этого предела (анаэробный порог) активизируется анаэробный лактатный процесс. Вот где мы вступаем в критическую зону анаэробного сопротивления, называемую «красной зоной».

**Сила.** Мышцы – краеугольный камень хорошей спортивной формы для любого спортсмена, а тем более для футболиста, которому нужна сила в любом действии на поле. Он часто пробегает более 10 км за матч, но кроме того должен вступать в борьбу с оппонентом, используя свое тело.

Он должен выполнять рывки в многочисленных случаях, прыгать, чтобы выиграть мяч в воздухе или чтобы ударить в ворота. Сила футболиста не ограничивается только ногами, она распространяется на все тело. Следовательно, мышцы должны быть развиты должным образом и этот процесс должен начинаться с самого раннего возраста [5, с.82].

*Цели силовой тренировки*

- Усовершенствование скорости мышечной активации («подъем силы») и склонности спортсмена добиваться исполнения на самом высоком уровне. Развитие внутри и межмышечной координации предоставляет функциональную основу для этого. Это усиленно другим решающим механизмом в спортивных дисциплинах, а именно плиометрикой или реактивной силой.

- Функциональное и нейромышечное регулирование.

Создание динамического и взрывного исполнительского потенциала.

- Увеличение энергетического потенциала путем увеличения мышечной массы, основания для развития новой силы.

- Структурное регулирование.

Построение прочного, атлетического мышечного фундамента.


- Улучшение «прилива» энергии в мышцы (работа над путями энергообеспечения).

- Энергетическое регулирование.

Основа для лучшей мышечной производительности.

Развитие и тренировка силы футболиста должны рассматриваться, как с точки зрения качества, так и с точки зрения сроков, если мы стремимся улучшить следующие аспекты его игры:

- его скорость.



- его стартовую силу.

- его прыжковую силу и его мощь.

- его силу удара.
- его силу в единоборствах.
- его уверенность в себе.
- предотвращение суставных, связочных и мышечных травм.

● Развитие силы у футболистов происходит через хорошее общее мышечное развитие, основанное на укреплении мышц агонистов и антагонистов, чтобы таким образом добиться совершенного мышечного баланса. Это особенно важно для молодых игроков, прежде чем они подвергнутся силовой подготовке.

● В экстенсивной фазе: мы, прежде всего, нацеливаемся на общее развитие мускулатуры, которая действует на пассивный двигательный аппарат и гарантирует хороший всеобщий баланс для более конкретного развития специальных футбольных способностей. Эта стадия базовой силовой подготовки является идеальным моментом для того, чтобы ввести специальную мышечную подготовку, которая связана с развитием координационных способностей, в частности ориентации, дифференциации и равновесия.

Это – подготовительная и первоначальная фаза мышечного развития, с работой над укреплением мышц, используя собственный вес игроков (мышечная подготовка) и последующим постепенным переходом к использованию легких весов от 30 до 70% от максимальной силы (МС). Поэтому данный тип силовой подготовки включен в экстенсивную фазу подготовки футболиста, но также он может быть продлен, если игрок не достиг удовлетворительного уровня мышечного развития.

Некоторые рекомендации для составления тренировочной программы:

Эта подготовка может проводиться в виде круговой тренировки (15 – 30 секунд / 2 – 3 серии на упражнение), или в виде «станционной работы» (3 серии из 10 повторений каждое на 50-70% от МС).

**Выводы:** Развитие ловкости и координации помогает менее искусным игрокам становиться более искусными, а самым умелым – еще более умелыми. Ловкость и координация – это нервно-мышечные особенности спортсменов, повышающие приспособляемость, качество управления собственным телом, контролем за мячом, быстрым изменением игровой ситуации. Футболисты, обладающие такими качествами, способны очень быстро выполнять сложные и эффективные маневры.

Главное в тренировке на ловкость и координацию не количество, а качество. Их улучшение – это не физическая адаптация к максимальным нагрузкам, а нервно-мышечная адаптация к взрывным и корректурным двигательным стереотипам, предполагающим выполнение движений с безупречной техникой. В этом случае вы развиваете способность головного мозга ускорять работу мышц.

#### **СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ:**

1. Шестаков, М.М. Футбол. Структура и критерии эффективности индивидуальной соревновательной деятельности игроков разных амплуа: учеб.-метод. пособ. – Краснодар, 2004. – С. 27.
2. Григорьян М.Р., Семенюков А.А. Новая методика оценки координационной сложности специализированных нагрузок юных футболистов в условиях соревновательной деятельности. – Краснодар: Журнал "Физическая культура воспитание, образование, тренировка". 2008. – С. 4.
3. Перевозник В.И. Влияние специальных средств на скоростные способности юных футболистов // Харьков: ХДАФК, 2011. № 4. – С. 79–84.
4. Подготовка юных футболистов: поурочная программа / М.А. Годик, С.М. Мосягин, И.А. Швыков. – Н. Новгород: Квартал, 2012. – С. 256.
5. Германов Г.Н. Проектирование тренировочных заданий в учебных программах для ДЮСШ, СДЮШОР, ШВСМ, УОР. / Г.Н. Германов, В.Г. Никитушкин. // Физическая культура: воспитание, образование, тренировка. 2006. № 2. – С.

**Құланова Қ.Қ.,**  
*Дене шынықтыру және спорт кафедрасының доценті*  
*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті*  
*Нұрсұлтан қ., ҚР*  
**Марчибаева У.С.**  
*Дене шынықтыру және спорт кафедрасының доценті*  
*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті*  
*Нұрсұлтан қ., ҚР*  
**Уалиева А.К.**  
*магистр,*  
*«Қ. Мұңайтпасов атындағы ОРРММИК» РММ,*  
*Нұрсұлтан қ., ҚР.*

## **МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ЗИЯТКЕРЛІК ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТТЕРІН ЖЕТІЛДІРУ**

### **Андатпа**

Бестемше – зияткерлік ойын. Бұл ойынды 3-4 жастағы балабақша балалары ойнайды. Бестемше ойынын қазақ халқы ойлап шығарған және бұл есеп ойыны. Бұл ойынды ойы биік, есепке жүйрік балалар өте жақсы ойнайды.

**Түйінді сөздер:** балабақша, бестемше, ұлттық ойындар, қозғалыс, зияткерлік ойын.

**Жұмыстың өзектілігі.** Әлемнің түкпір-түкпірінде адамзаттың қолымен, ақыл-ойымен жасалған зияткерлік ойындар мыңдап саналады. Бүгінгі таңда дүниежүзінде зияткерлік ойындарды дамыту, өркендету маңызды ие болып отыр. Өйткені, жеке тұлғаның біліктілік қасиеттері осындай ойындар арқылы шыңдала түседі. Зияткерлік ойындар да – ой шығармашылығын дамытатын спорт түрі.

Балабақшада бүлдіршіндерді тәрбиелеу үшін қазақтың ұлттық ойындарын кеңінен пайдалану керек. Әсіресе ата-бабаларымыздың салт-дәстүрлерін, ұлттық ойындардың балдырғандарға үйретіп, бойына сіңірудің мән-маңызы ерекше. Өйткені баланың ойы, сезімі, қиялы ойын арқылы өседі. Әлемдік мәдениеттің озық үлгілері мен бой теңестіре алатын рухани ойын, қисындық ойлау өнері.

Бестемше ойынның басты қасиеті – бала санасын жетілдіруге, ақыл-ойын кемелдендіруге ерекше күш салады. Қазақ халқының ұрпақ тәрбиесіне жауапкершілікпен қарайтын осы ойынның өзі дәлел бола алады. Жасөспірімдердің дене күшінің мол болуымен қатар ақылды болуына да көп мән берген бабаларымыз осы ойынды ойлап тапқан. Демек, тәуелсіз еліміздің жас ұрпағын уақыт талабына сай тәрбиелеу ісіне ойындардың қосар үлесі үлкен.

Ойнамайтын бала жоқ. Ойынға қызықпайтын адам жоқ. Көңіл көтермейтін адам, сауық құрмайтын халық жоқ. Үлкен де, кіші де ойнап көңіл көтереді, бір нәрсеге беріле қызығады, әр жетістіктен қанағат табады. Ал қызығу, қуану, қанағаттану – өмірді тамашалаудың көрінісі немесе өмірде сауық құрудың нышаны. Ойын-сауыққа үлкен-кішінің бәрі де әуес.

Бестемше ойыны зияткерлік ойынға жатады. Ал зияткерлік ойын дегеніміз – адамның ойлау қабілетін, ой-өрісін дамытатын спорт түрі. Бестемше ойынның тағылымдық, тәрбиелік, танымдық құндылықтары көп. Ата-бабамыздан аманат етіп қалдырылған бұл ойынды келесі ұрпаққа тапсырудың маңызы біздер үшін өте зор.

Бұл ойын ұмытылған ойындардың бірі. Бестемше ойынын дамытуға себеп болған тағы бір жайт, балалардың бойындағы сабырлықты, төзімділікті, ойшылдық, есептегіштік пен үнемшілдік қасиеттерін қалыптастыру екені анық. Бұл қасиеттер дамыған елдер қатарына қосыламы деген әр азаматтың бойынан табылу керек.

**Жұмыстың мақсаты:** Бестемше – қазақ халқының ерте заманнан келе жатқан ұлттық ойындарының бірі. Бұл ойынды 3-4 жастағы балабақша балалары ойнайды. Бестемше ойынын қазақ халқы ойлап шығарған және бұл есеп ойыны. Бұл ойынды ойы биік, есепке жүйрік балалар өте жақсы ойнайды. Талай ғасыр түркі халықтарының сүйікті ойыны болған бестемше елімізде жаңғыру аясында қайта түледі. Әлемнің әр түкпірінде өмір сүретін әр алуан халықтың өз ұлттық ойындары бар. Міне, осы ойындардың шығу тарихын дөп басып айта алатындар сирек. Бестемше ойынның басты мақсаты – баланың санасын жетілдіруге, ақыл-ойын кемелдендіруге ерекше күш салады.

Түркі халықтарының ұрпақ тәрбиесіне жауапкершілікпен қарайтынына осы ойынның өзі де дәлел бола алады. Жас бүлдіршіндердің дене күшінің мол болуымен қатар, ақылды болуына да көп мән

берген бабаларымыз осы ойынды ойнаған. Бестемше ойынын балаларға ойнату тиімді, өйткені бұл барынша жеңіл әрі ережесі қарапайым, балаларға есептің 4 амалын меңгерумен бірге ойлау қабілетін қалыптастырады. Бестемшені бес ұяшық, бес таспен ойнайды. Бестемшенің маңыздылығы бұл ойынға барлық бала қатыса алады, нәтижесінде бала тез санап үйренеді.

Бестемше ережелері әлі қалыптаса қойған жоқ. Бұл ойынның ережелері арнайы қарастырылған жоқ. Ойын ережелері ұрпақтан-ұрпаққа ауызша жеткендігі. Әрине бұл алдағы зерттеулердің еншісінде, бірақ осы ерекшеліктердің өзінен бестемше ойынның даралығын және көнелігін байқауға болады.

Бестемше ойыны арнайы тақтайда екі адам арасында ойналады. Бестемше тақтасы 50 тас, 10 отау, 2 қазаннан тұрады. Бестемше – ойында қарсыластар алма-кезек жүріс жасап отырады. Ойыншылар өз қазанына 25 тас ұтып алғаннан кейін де ойынды тоқтата салмай, аяғына дейін жеткізуі керек. Бұл ойынның қандай есеппен аяқтағанын білу үшін қажет.

«Бестемше» ойнаушылардың алдарына қоятын негізгі мақсаты – кем дегенде өз қазанына 25 тас жинап, қарсыласын ұтып шығу. Екі жақтың бірдей ұтуы, не ұтылуы мүмкін емес. Бірінші жүрісте жеңбе бойынша анықталған ойыншы бастайды. Жүріс сағат жүрісіне қарсы бағытта жасалады. Алғашқы жүрісті ойыншы отауға бір тасты ғана қалдырып, жүріс жасаған отаудан кейінгісінен бастап бір-бірден тастай отырып, ең соңғы тастарды қарсыласының тасы бар отауларының бірінен бір тастарды алып, сонымен жұптап, өз қазанына салады. Демек, ойын ережесі бойынша қарсыласынан тастарды ала отырып, өз жұп санға келтіреді. Ойыншылар ойын барысында қарсыласына тастарды алдырмау үшін өз отауларындағы тастардың санын жұп күйінде ұстап отыруға тырысады. Тастардың саны жұп болып тұрған отауды «жабық отау» деп атайды.

Сондай-ақ қарсылас ойыншылар бір-бірінің отауларындағы тастар санын тақ жасауға ұмтылады. Тастар тақ болып тұрған отау «ашық отау» деп аталады да, қарсылас бұл отаудан тастарды ала алатын болады. Ойын барысында ойыншылардың қай-қайсысы болмасын қарсыласының отауындағы тастарын қолмен санауына рұқсат етілмейді. Тек отауларының ашық немесе жабық екенін және қайсысында қанша тас бар екенін ғана сұрай алады. Сондықтан ойыншылардың қай-қайсысы болмасын, барлық отаудағы тастар санын есте ұстауға тырысады. Кездесу соңында қазандарға жиналған тасты есептеп, ойын нәтижесін шығарады. Ұтып алған тастар саны бір ойыншыда 25 болса, жеңіске жеткені болып саналады.

**Зерттеу әдістері:** Біз өзіміздің зерттеуімізді мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс жүргізуге бағыттадық себебі балабақша балалары негізгі өмірде қажетті ұлттық ойындар арқылы қалыптасады.

Бұл ойын Нұр-Сұлтан қаласындағы №61 «Шолпан» балабақшасында 3-4 жастағы балалар арасында эксперимент жұмысы жүргізіле бастады. Эксперимент жұмысының тақырыбы нақтыланып, арнайы бағдарлама дайындалды. Эксперимент жұмыстарының мақсат-міндеттері, нысаны, әдістері, жұмыс бағыттары, әр кезең бойынша жұмыс мазмұнын айқындалды. Эксперимент топтарындағы ойыншыларды әзірлеу, оларды жаттықтыру, ойын үдерісі, жасөспірім логикасын дамыту мен үдерісті үнемі тексеру әдістері, сайыстарды ұйымдастыру тәртіптері мен төрешілік қызметін жетілдірілді. Педагогтардың кәсіби біліктіліктерін дамыту жұмыстары жүргізілді. «Бестемше» үйірме жұмысына деген балалардың қызығушылығы артты. Бестемше ойыны үйрету онша қиын болмағанмен әр жүрісте санауды қажет етеді. Ойын кезінде тартыс алғашқы жүрістерден-ақ шиеленісе түседі. Ойында тастарды жинап шабуыл, қорғанысқа даярлану қажет. Алғашқы ойында тастардан ұтып алуға әрекет жасау керек. Сондықтан бала бірден ойланады. «Қай отаудан жүрсем екен?», «Ойынды қалай бастасам екен?», «Тастарды қалай таратсам екен?» деген сұрақтардың туындауы да заңды [1].

Ойында есептеу жолы өте көп. Тек өз жүрісінді есептеу керек емес, қарама-қарсы жақтың да мақсатын біліп, жүрісін мұқият есептеп отыру керек. Бұл принципті сақтамаған жағдайда, яғни есептен жаңылу, жалығу және есептеуде қателер жіберу ұтылысқа әкеліп соғады. 3 отаудан 5 тасты алып, тастарды таратқанда 2 отаудағы 6 тасты алады.

Бұл жерде келесі ойыншы ойлануы тиіс. Жүрістің тиімді басқа жолдарында іздестіреді. Отаудағы тастарды мақсатсыз жүре беруден сақ болу керек. Жүріске мән бермеу ойынның сапасын төмендетеді. Мықты қарсылас болса, тастарды қайта-қайта жұптап алып, артын жауып отырады. Сондай кезде аз-аздан болса да ұпай жинаудың әдісі-комбинация. Ол үшін соңғы отауларға көп тас жинамаған абзал. 5 отаудағы 1 тасты бірінші ұяшыққа тастаймыз. Егерде 1 ұяшықта 1 тас болса, 2 таспен толтырып аламыз.

Ойын барысында тастар дұрыс қойылмаса, ойын есептелмейді және қайта бастайды. Егер дұрыс жүрмесе ойын тоқтатылады да, ойын қайта дұрыс позициясына келтірілуі керек.

Ойыннан шығатын нәтиже ең алдымен сайысқа түсіп отырған екі адамның ақыл-ойымен, шығармашылық жеңімпаздылығымен, тәжірибиесімен тығыз байланысты. Сондықтан ойынды байыпты түрде бастап, әрбір жүрістің алдына белгілі мақсат қойып, қарсы жақты өздері жақсы білетін позицияларға

тарта ойнау керек. Алға қойған мақсатты жүзеге асырудың жоспары болады. Осындай жоспарлы ойынның әрбір кезеңдеріне сай жасалған тартыстың жалпы барысын негізгі бағытын стратегия деп, ал қолданған жеке айла-тәсілдерді тактика деп атаймыз[2].

Бұл ойынның ерекшелігі – жүріс жасағанда отауға тас қалдыру.

- Балаларды бір-біріне қарама-қарсы жұптастыра отырғызу әдісі.
- Әр бала жүріс жасап болғаннан кейін, тастардың отауларда ретімен орналасып жатуын, яғни олардың не жұп, не тақ санды екендігі анық көрінетіндігі болып орналастыруы.
- Егер жүріс табысты болса, қарсылас та сол жүрістің табысты екендігіне көз жеткізгеннен кейін ғана бала тасты қазанға салады.
- Ойын барысында отауда жатқан тастарды қарсыласқа көрсетпеймін деуге болмайды.
- Ойын барысында себепсіз қол тигізуге болмайды. Қолың тиген отаудағы таспен жүру керек.
- Отаудағы тасты түзеуге болады. Бірақ қарсыласқа ескерту арқылы түзету керек.
- Сабақ жоғарғы деңгейде өту үшін тәртіптілік және ұйымшылдық керек. Сабақ аяқталғаннан кейін балалар тақтаны орнына түзеп қойып кетеді.

Бұл ойынның өзіне тән маңыздылығы – ол аса күрделі жабдықтарды қажет етпейді. Құмалақ орнына тас, моншақ, т.б, ал тақта орнына кез-келген тегіс материалды қолдануға әбден болады. Қазақстан жеріндегі жартастардың немесе төбенің үстіндегі тегіс тастың бетіне ойып салынған тоғызқұмалақ тақтасының бейнесі бұл ойынның халқымыздың тұрмысына терең сіңгенін аңғартады.

«Тоғызқұмалақтың» да, «Бестемше» де тақталарындағы отаулардың екі қатар болып орналасулары, екі ойында да ұтқан құмалақтар мен тастарды жинайтын қазандықтарының болуы және жүріс жасағанда сол жақтан оң жаққа қарай бір бағытта жүріс жасаулары бір-біріне мүлтіксіз ұқсайды. Тек «Бестемше» бес отау, ал «Тоғызқұмалақта» отау саны тоғыз. Оған қоса тоғызқұмалақ ойында «тұздық» деген ереже бар, ал бестемше ойынында «тұздық» болмайды[3].

Бестемше ойының басталар алдында екі жақтың отауларында 25 тастан жатады да, екі жақтың күштері өзара тең болады. Тасты жүру арқылы біз отауда жатқан тастардың күшін, сапасын өзгертіп отырамыз. Отауда жатқан тастар бір-бірімен байланыста болу керек.

Ойын 3 кезеңнен тұрады. 1. Ойынның басы. 2. Ойынның ортасы. 3. Аяқ шеңі. Ойын басталғанда қарсы жағы бес отаудың кез келгенінен жүруіне болады. Ойынның орта және аяқ шеңінің ойлану сапасына көп әсерін тигізеді екен. Ойын неғұрлым ойлы басталса, оның орта және аяқ шеңдері соғырлым ұтымды болады. Үш кезеңі бір-бірімен байланысты. Ойынның аяқ шеңінде шағын тастар қалғанда болады. Ойынның аяқ шеңінде ойыншы атсырауға жиі ұшырайды.

Бестемше ойынында әрбір жүріс немесе ойын сәттері арнайы ережеге сүйенеді. Ойын аса қызықты, тартысты болу үшін қажет. Ойында бір ғана тас жиі кездеседі. Келесі жүрісте бала осы бір тасты жүруге қақысы бар. Яғни, ол жүреді, ал әлгі отау бос қалады[4]. Бестемше ойыны – тақ сандар мен жұп сандардың өзара тартысы

1. Не ғұрлым көбірек тас ұтсаңыз жеңіске соғырлым тез жетесіз;
2. Қорғаныстың басты түрі қарсы шабуыл болып есептеледі.
3. Ойынның басында артқы отаулардан жүру ертерек.
4. Ойынның басынан бастап отаулардағы тастарды ұтымды пайдалану керек.
5. Ойынның басынан бастап, позицияның осал жерін көру, іздеу бірден-бір қажетті шарт. Ал, осал жерлерді көрісімен оны дереу пайдаланып қалу ең маңызды міндеттердің бірі болып табылады.
6. Ойынды болжай отырып ойнау керек.
7. Тасты өзі беріп отырғанда алу қажет болғанмен ойыншының өз құқығында тасты алу.

Бестемше ойынындағы бастапқы қарапайым амалдар осындай. Ал жүріс санын көзбен бағамдау, тез санай қою, жылдам жүріс жасау деген сияқты дағдылар тәжірибемен келеді[5].

**Қортынды:** Ұлттық ойындардың бала өміріндегі маңызын зерттей келе, бүгінгі ХХІ-ші ғасырдағы дамуымыздың кешегі мен бүгінгі ұрпақ байланыстылығын жалғастыратын өркениетті құбылыс ретінде көру маңыздылығы анықталды. Педагогтардың кәсіби біліктіліктері жетілдірілді. «Бестемше» үйірме жұмысына деген балалардың қызығушылығы артты. Математикалық есептеу әдісі арқылы балалардың логикалық ойлауы дамытылды. Балалардың ойынға деген қызығушылықтары, тастарды санап үйренуі мен дағдыларының арта түсті Ойын барысында қабылдау, есте сақтау, ойлау, қиял т.б. танымдық қабілеттерінің артады, тілдері дамығанын бақыладық. "Бестемше" ойыны бойынша ата-аналармен бірлесе жасалған жұмыстың нәтижелілігі көрсетілді. «Бестемше» қазақтың ұлттық ойынына арналған әдістемелік құрал дайындалды. Қазақстан егеменді ел ретінде қалыптасып бүкіл дүниежүзілік саяси аренадағы орны айқындалып жатқан кезде жеке адамның әсіресе жас ұрпақтың болашақта білімді болуымен қатар, дені сау азамат болып өсуіне, елінің мәдениетін, дәстүр-салтын білетін патриот



болуына ойындардың атқаратын рөлінің зор екендігін ескере келіп, ойындарды мектепке дейінгі мекемелерде үйрету таңдап алған тақырыптың өзекті екендігін айқындады.

Бала тәрбиесінде әсіресе мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мемлекет тарапынан қабылданып жатқан заңдар мен нормативтік құжаттардың қазіргі бала тәрбиесіне арналған бағыттарында қазіргі уақыт талабы екендігі айқындалды.

**ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. ҚұлановаҚ.,Марчибаева У.С., Уалиева А.К. Бестемше.Нур-Султан, 2020.-34 б.
2. Тілеубаев С., Бизақов С. Тоғызқұмалақ әліппесі. Алматы, 2000. – 223 б.
3. Ақшораев Ә., Жүнісбаев Н. Тоғызқұмалақ. – Алматы: «Мектеп», 1980.
4. Шотаев М.Е.,Н.Жұмабаев.,С.Ақназаров Таңғажайып тоғызқұмалақ – Түркістан – 2004ж.
5. Ақшораев Ә. Тоғызқұмалақ. – Алматы: «Жалын», 1983. – 59 б.

**Иманбетов А.Н.**  
*п.э.к., қауымдастырған профессор*  
*Е.А.Бөкетов ат.Қарағанды Университеті*  
*Қарағанды қ., ҚР.*  
**Омаров О.С.**  
*Магистр, аға оқытушы*  
*Е.А.Бөкетов ат.Қарағанды Университеті*  
*Қарағанды қ., ҚР.*  
**Кайырбеков Е.**  
*Магистр, аға оқытушы*  
*Е.А.Бөкетов ат.Қарағанды Университеті*  
*Қарағанды қ., ҚР.*

## **МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕ ҚОЗҒАЛМАЛЫ ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ**

Баланың жеке тұлға болып қалыптасуы сәби кезінен басталады. Ол үшін балаға барлық жағдай жасалу керек. Өмірге келген әрбір бала бақытты болуы тиіс. Бұл-баланың басты құқығы. Балалар – еліміздің бүгінгі мен ертеңі. Мемлекетіміздің басты байлығы, әрі тірегі. Сондықтан, балаға тиісті дәрежеде жағдай жасап, денсаулығын жақсартып, өмірін гүлдендіріп, саналы тәрбие мен сапалы білім беру – біздің басты мақсаымыз.

Кішкентай бүлдіршіндеріміздің алғашқы даму кезеңі, білім мен тәрбие берудің алғашқы сатысы – мектепке дейінгі білім беру мекемелері болып табылады. Ойын арқылы баланың рухани сезімі жасампаз өмірмен ұштасып, өзін қоршаған, дүние туралы түсінік алады. Адамды өжеттікке, батылдыққа, шапшаңдыққа, ептілікке, тапқырлыққа, байсалдыққа үйрететін осы – қозғалмалы ойындар.

Әл-Фарабидің еңбектерінде: «Мәселен, балада ең алдымен өсіп-өну қуаты пайда болады. Бұл оның дене бітімінің қалыптасуына үлкен рол атқарады. Алдымен тән түйсігі, кейіннен барып дәм, иіс айыратын түйсіктері, заттың түрін, түсін, пішімін түсіне алу қабілеті пайда болады. Адам психикасы негізінен өмір барысында оқу-тәрбие үстінде қалыптасады» [1].

Баланың ойнайтын алғашқы ойындары – бұл заттық ойын. Басқаша түсіндірсек бұл затты игеру. Сіз балаға беретін ойыншықтар арасында қуыршақ та, аю да ұсақ ойыншықтарда болады. Бастапқыда балалар ойыншықтарға басқа заттарға қарағандай қарайды, яғни олар үшін ойыншықтардың басқа заттардан айырмасы жоқ. Екі жасқа толғанда олардың ойыншықтармен ойнауы елеусіз болады. Бір жарым жастан бастап үлкендер көрсеткен әрекеттермен қатар өзі бақылаған әрекеттерді де жасай бастайды: олар жасанады, таранады, қуыршақты құшақтайды, оны сүйеді – бұл рөлдік ойын.

Осы рөл арқылы бала тамақ жейді, столға таяқшамен жазу жазады, оқиды. Бір жарым жастан кейін балалар көмекші, орын басушы ойындарын ойнай бастайды. Осы аралықта балалар өзін үлкен адамдарша сезініп, нақты әрекет жасай бастайды. Бұл мектеп жасына дейінгі балалардың ойын әрекеті дамуының негізгі кезеңдері. Осыдан келе балалар мектеп жасына жақындағанда қозғалмалы ойындар және спорттық ойындарға әуестігі артады.

Қимыл-қозғалыс балалардың игерін үлгерген қимылды дағдыларын жетілдіру және дене қабілетін қалыптастыру әдісі ретінде қызмет етеді. Ойын кезінде бала өзінің назарын қимылды орындау әдісіне емес, мақсатқа жетуге аударады. Ол ойын шартына бейімделіп, ептілік көрсетіп, сол арқылы қимылды жетілдіріп, мақсатты әрекет етеді. Ойын процесінде балалардың қозғалғыш ширақтығы бүкіл организмде жігерлі жағдай туғызады, алмасу процестерін күшейтеді.

Ойындардың балалар үшін әр түрлі педагогикалық жіктеулері бар. Ойындар мазмұны бойынша қимыл-қозғалыс ойындары және спорттық ойындарға бөлінеді: Сюжетті қимыл-қозғалыс ойындары шартты формада өмірлік немесе ертегі оқиғасын бейнелейді. Балаларды ойында шығармашылықпен көрінетін ойын бейнелері қызықтырады.

Мысалы, «Мысық пен тышқан», «Қарақұлақ», «Алақүшік», «Қасқыр қақпан», «Бүркіт», «Атшылар жарысы», «Қара сиыр», «Тай жарыс», «Дене жарыс», «Құнан жарыс», «Түйе жарыс», «Қара құрт», «Жапалақтар мен қарлығаштар», «Хан», «Тұзақ құру», «Түйе-түйе», «Жануарлар қалай үндейді», «Қой бағу», «Қоян» сюжетті қимыл-қозғалыс ойындарына жатады.

Сюжетті қимыл-қозғалыс ойындары балаларды өздеріне түсінікті мақсатқа жетуге жетелейтін, балалар үшін қызықты қимыл тапсырмаларынан тұрады. Олар өз кезеңінде ойындардың тоқтап жүгіру, ұстап алу және осы сияқты үлгілеріне бөлінеді: жарыс нышандары қолданылатын ойындар: «Кімнің

тобы тезсанқа тұрады», «Кім өз жолаушысына тез жетеді», «Белбеу тастау», «айдап сал», «Кім шертті», «Икемді тал», т.с.с.

Халық педагогикасының құрамды бөліктері қазақтың ұлттық ойындары, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, жаңылтпаштар, ауызша есеп, т.б. ерте заманнан бастап, жас өспірімдердің ой-өрісіне, дене тәрбиесіне, зеректігін дамыту және тапқырлығы мен шешендігін анықтау үшін тәрбие құралы түрінде қолданылып келген.

Даңқты қолбасшы Бауыржан Момышұлы өсиет еткеніндей:

«Қайратыңа әдісінді жолдас ет,

Әдісіңе ақылыңды жолдас ет» – демекші, қазақ халқының тұрмыс-салтқа, тарихи-әлеуметтік жағдайға байланысты ұлттық ойындардың көпшілігі тәлім-тәрбие саласында зор педагогикалық құралға айналды [2].

А. Байтұрсынов халықтық педагогика ғасырлар бойы еліміздің тәлім-тәрбиенің пәрменді құралы қызметін атқарып отырғанын анық көрсеткен. А. Байтұрсынов 1922 жылы «Тәні сұлудың – жаны сау» деген еңбегін жазды. А. Байтұрсынов бала тәрбиесін тек білім, тіл, ақыл тәрбиесі деп, біржақты емес, сонымен бірге тән сұлулығына да көп көңіл бөлген [3].

Сонымен қатар Міржақып Дулатов [4] ұлттық тәрбиені кеңінен насихаттап, оны оқу-тәрбие процесіне ендіру, тәрбиелік мәнін ашу, оқыту мен тәрбиенің ұлттық сипатта болуын, ұлттық мазмұнды оқу құралдарын, ұлттық қимыл-қозғалыс ойындарын ұсынған еңбектерінің жас ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеуде алатын орны мен маңызы ерекше. Мысалы: «Есеп құралы» атты кітабының мазмұны, таза ұлттық сипаттағы есептер қазақ халқының күнделікті өмірінен алынған.

Ұлт ойындарының басым көпшілігі тұрмыс-салт, соған орай жануарлар әлемін: аңшылықты бейнелейді. Сондықтан, ұлт ойындарын ойын-сауық, тұрмыс-салт ойындарынан бастауды жөн көрдік. Өйткені, қазақ халқының ескі дәстүрі бойынша жыл наурыз айынан басталып, үлкен мейрам, ойын-той ретінде өтетін. Осы наурыз мейрамы күндеріндегі ойын-сауық көбінесе ұлттық ойындар ойналатын. Әр ауылдың арасында өнер жарысы ретінде бәсеке алдымен ойын түрінде басталатын.

Республикамыздағы дене шынықтыру мәселесімен айналысатын ғалымдар мектепке дейінгі мекемелердегі дене шынықтыру сабағын сол саладағы мамандардың сабақ беруін қадағалауда. Өйткені мектепке дейінгі мекемелерде қозғалмалы ойындардың әдістемесін меңгерген дене шынықтыру мамандары болып табылады. Төмендегі ойындардың оқу-тәрбие процесіне ендіру осы денешынықтыру мамандарының негізгі мақсаты болып табылады.

#### **Ұшты –ұшты ойыны**

Ойын бастаушы айнала отырған ойнаушыларды жаңылыстыру үшін, ұшпайтын нәрселерді араластыра тез-тез “ұшты-ұшты” сөзін айтады. Шарт бойынша тек ұшатын нәрсе аталғанда ғана ойнаушылар қолдарын көтеруі керек. Ал кімде-кім ұшпайтын зат аталғанда қолын көтеріп қойса, айып тартады: не өлең айтады, не би билейді, не болмаса басқа өнер көрсетеді.

Мысалы:

Ұшты-ұшты – тарғақ ұшты (ұшады).

Ұшты-ұшты – жарғақ ұшты (ұшпайды).

Ұшты-ұшты – үкі ұшты (ұшады).

Ұшты-ұшты – үйрек ұшты (ұшады).

Ұшты-ұшты – тырна ұшты (ұшады).

Ұшты-ұшты – тырма ұшты (ұшпайды).

#### **Айгөлек**

Айгөлек ойыны кең алаңда өткізіледі. Ойыншылар саны мен жас шамасына қарай екі топқа бөлінеді де, арасы 15-20 метрдей жерде қол ұстасып қарма – қарсы тізбек құрып тұрады. Ойын жүргізуші екі топтың біреуіне кезек береді. Олар барлығы қосылып төмендегі өлеңді айтады.

Айгөлек-ау айгөлек,

Айдың жүзі дөңгелек.

Теміршіден дем шығар,

Үзеңгіден тер шығар.

Ақ терекпен көк терек,

Бізден сізге кім керек?

Бұған екінші топтың ойнаушылары жауап береді:

Шолпан атты қыз керек,-дейді.

Қарсы топтан шақырылған қыз не бала жүгіріп келген бойы тізіліп тұрған топтың әлсіз жерінен үзіп өтуге тиісті. Егерде үзе алмаса, ол сол топта қалып қояды. Ал үзсе, өзі қалған ойыншының бірін өз тобына алып қайтады. Ойын осылай жалғаса береді.

Мектепке дейінгі мекемелерде балалармен жүргізілетін жұмыстардың алдына қоятын мақсаттары:

- денсаулықтарын нығайту, денесін шынықтыру;
- жаттығулар мен ойындар туралы түсінік алу, олармен шұғылдану үшін керекті гигиеналық талаптарды орындай білу;
- қимыл сапаларын жетілдіріп, дене құрылысын дұрыс қалыптастыру;
- өз денелерін дұрыс ұстап, жаттығуларды тез, әдемі, тиімді жасауға үйрету;
- жаттығуларды ынталанып жасауға, спорт түрлеріне әуесқойлығын арттыру.

Қорытындылай келе еліміздегі мектепке дейінгі мекемелерде балалардың жекелей денсаулық көрсеткіштері мен дене дайындығының нақты тенденцияларының төмендеуі аталған мәселенің қазіргі уақыт талабына сай мектепке дейінгі мекемелердегі балалардың денесінің шынығуы жүйесінің әдістемелік негізделген ғылыми тұрғыда шешім шығаруды қажет етеуде. Сондықтан осы мәселелер бойынша біраз жәйттердің ашылуына түрткі болдық деп ойлаймыз.

**ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Айтмамбетова Б., Бейсенбаева. Тәрбиенің жалпы әдістері. – А., 1991.
2. Ахметов Ж. Балаларды мәдениеттілікке тәрбиелеу жолдары. //Қазақстан мұғалімі, А., 1994.
3. А. Байтұрсынов «Тәні сұлудың – жаны сау» 1922 жыл.
4. Міржақып Дулатов «Есеп құралы» .

*Маженов С.Т. к.б.н., доцент,  
Оразов Д.О. ст. преподаватель,  
Назаркина О.Н. ст. преподаватель  
кафедра физической культуры и спорта  
ЕНУ им. Л.Н. Гумилева,  
г. Нур-Султан, РК.*

## ХАРАКТЕРИСТИКА СКОРОСТНО-СИЛОВОЙ РАБОТЫ У ФУТБОЛИСТОВ

**Аннотация.** Для определения мощности алактатного анаэробного источника энергообеспечения у футболистов проводили тест с повторным выполнением нагрузки с короткими интервалами отдыха. Более высокий уровень адаптации к повторяющимся кратковременным физическим нагрузкам предельной интенсивности был выявлен у спортсменов группы I, а менее адаптированы – спортсмены группы III.

**Ключевые слова.** Анаэробная алактатная система, максимальная анаэробная мощность, креатинфосфат.

**Актуальность.** Футбол содержит различные элементы физической активности. В силу продолжительности футбольного матча естественно аэробный метаболизм доминирует в течение всей игры. Но каждый игрок за время футбольного матча выполняет 1000-1400 действий спринтерских рывков средней продолжительности 2-4 секунды, которые имеют решающее значение [3]. Проявление быстроты и силы характерно для физических нагрузок, выполняемых в зоне максимальной и субмаксимальной мощности. Следовательно, в энергообеспечении скоростно-силовых качеств преимущественно участвуют анаэробные пути ресинтеза АТФ – креатинфосфатный (КрФ) и гликолитический. Быстрее всего разветвляется ресинтез АТФ за счет креатинфосфатной реакции. Она достигает своего максимума через 1-2 с после начала работы. Максимальная мощность этого способа образования АТФ превышает скорость ресинтеза гликолитического и аэробного в 1,5 и 3 раза соответственно [5]. Именно за счет креатинфосфатного пути ресинтеза мышечные нагрузки выполняются с самой большой силой и скоростью. В свою очередь величина максимальной скорости креатинфосфатной реакции зависит от содержания в мышечных клетках креатинфосфата и активности фермента креатинфосфокиназы (КФК) [6].

Под влиянием тренировки мощность алактатной системы может вырасти на 40-80 %, запасы КрФ могут вырасти на 70 % [2]. Для мышечной системы характерна адаптационная инертность по сравнению с вегетативными системами. Для интенсификации режима работы мышц, несущих основную нагрузку при спортивной деятельности, предлагается усилить локальную мышечную выносливость (ЛМВ) за счет различных упражнений с отягощением, вес которого подбирается индивидуально [1].

**Цель исследования.** Определить скоростно-силовые возможности у футболистов для дальнейшей корректировки тренировочного процесса и повышения его уровня.

**Результаты исследования и их обсуждения.** В исследовании приняли участие спортсмены сборной команды по футболу РК (n= 22). Перед тестированием у всех спортсменов были зарегистрированы возраст и необходимые антропометрические показатели.

Наиболее адекватным методом оценки величины максимальной анаэробной мощности (МAM) является выполнение теста на велоэргометре МОНАРК 894 Е с максимальной интенсивностью. Для определения мощности алактатного анаэробного источника энергообеспечения проводили тест с повторным выполнением нагрузки с короткими интервалами отдыха – обычно 3 раза по 10 секунд с минутными интервалами восстановления. Величина внешней нагрузки составляла 10 % от массы испытуемого. У спортсменов частоту сердечных сокращений непрерывно регистрировали с помощью кардиотестера фирмы Polar (Финляндия).

Результаты тестирования показали, что из команды футболистов самый низкий уровень пиковой анаэробной мощности  $9,58 \text{ Вт} \cdot \text{кг}^{-1}$  был показан самым легким спортсменом с массой тела 68,9 кг. Пиковую анаэробную мощность в диапазоне  $10,5-12,0 \text{ Вт} \cdot \text{кг}^{-1}$  проявили 14 спортсменов, а свыше  $12,0 \text{ Вт} \cdot \text{кг}^{-1}$  – семь спортсменов. Причём самый высокий уровень пиковой анаэробной мощности  $13,41 \text{ Вт} \cdot \text{кг}^{-1}$  проявил нападающий команды с массой тела 90,7 кг. У футболистов премьер лиги России были установлены показатели максимальной анаэробной мощности в зависимости от амплуа футболистов от  $11,1 \pm 1,1$  до  $12,1 \pm 1,3 \text{ Вт} \cdot \text{кг}^{-1}$  [3].

По способности удерживать максимальную анаэробную мощность от нагрузки к нагрузке все спортсмены были разделены на три группы (таблица 1).

Таблица 1

**Динамика пиковой работоспособности при выполнении трёх 10-секундных велоэргометрических нагрузок предельной интенсивности (масса внешней нагрузки составляла 10 % от массы тела спортсмена) с минутным интервалом отдыха между ними у футболистов высокой квалификации**

Нагрузка, № п/п	Мощность, Вт·кг <sup>-1</sup>			
	показатели биометрии			
	$\bar{X}$	$m(\bar{X})$	$\bar{S}$	C %
Группа I, n=4				
1	11,64	0,57	1,14	9,8
2	11,67	0,46	0,92	7,9
3	11,10	0,31	0,62	5,6
Группа II, n=7				
1	11,64	0,39	1,03	8,9
2	11,21	0,44	1,16	10,3
3	9,70	0,32	0,80	8,2
Группа III, n=11				
1	11,28	0,28	0,93	8,2
2	9,58	0,26	0,87	9,1
3	8,26	0,26	0,82	9,9

Способность удерживать одинаковую пиковую мощность, как во время выполнения первой, так и второй нагрузки проявили спортсмены группы I (n=4). Только во время выполнения третьей нагрузки работоспособность этой группы спортсменов снизилась в среднем на 4,6 %. У спортсменов группы II во время выполнения второй нагрузки пиковая мощность снизилась по отношению к первой в среднем на 3,4 %, а во время выполнения третьей нагрузки – на 16,4 % (n=7). У спортсменов группы III при выполнении второй нагрузки пиковая мощность снизилась по отношению к первой в среднем на 15 %, а во время выполнения третьей нагрузки – на 26,8 % (n=11).

Представленные данные свидетельствуют о том, что мощность нагрузки, развиваемая спортсменами при максимальном велоэргометрическом спринте, была предельной и снижалась, в большинстве случаев, от попытки к попытке. Более высокий уровень адаптации к повторяющимся кратковременным физическим нагрузкам предельной интенсивности был выявлен у спортсменов группы I, а менее адаптированы – спортсмены группы III. Согласно полученным и литературным данным представляется достаточно очевидным, что снижение работоспособности при повторяющихся кратковременных физических нагрузках предельной интенсивности обуславливается фактором не довосстановления содержания АТФ в мышцах вследствие накопления конечных продуктов метаболизма. Поэтому только систематическая сократительная активность мышц в режиме максимальной анаэробной мощности может способствовать проявлению широкого диапазона адаптационных изменений на всех уровнях организации этого процесса. Такая адаптация должна будет благоприятствовать снижению чувствительности к продуктам метаболизма, вызывающим нарушение постоянства внутриклеточной среды при напряженной мышечной работе.

**Закключение.** Таким образом, существенное влияние тренировки является серьёзным основанием для осуществления постоянного контроля над максимальной анаэробной производительностью и индивидуальной корректировки ее у спортсменов в процессе их подготовки.

#### СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Верхошанский Ю. В. Основы специальной физической подготовки спортсменов / Ю. В. Верхошанский. – М.: Физкультура и спорт, 1988. – 332 с.
2. Волков Н. И. Биохимия мышечной деятельности / Н. И. Волков, Э. Н. Несен, А. А. Осипенко [и др.]. – К.: Олимп. лит., 2000. – 504 с.
3. Орджоникидзе З. С., Павлов В. И. Физиология футбола. – М.: Человек, Олимпия. – 2008. – 204 с.
4. Платонов В. Н. Система подготовки спортсменов в олимпийском спорте. Общая теория и ее практические приложения: учебник [для тренеров] : в 2 кн. / В. Н. Платонов. – К.: Олимп. лит., 2015. – Кн. 1. – 2015. – 680 с.
5. Olbrecht J. Plannen, periodiseren, trainen bijsturen en winnen: handbook voor modern zweustraining / J. Olbrecht. – Antwerpen: F8G Partners, 2007. – 239 p.
6. Hirvonen J. Breakdown of high-energy phosphate compounds and lactate accumulation during short supramaximal exercise / J. Hirvonen, S. Rehunen, H. Rusko [et al.] // Eur. J. Appl. Physiol. – 1987. – Vol. 56. – P. 253–259.

**Марчибаева У.С.**

*п.ғ.к., доцент*

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті*

*Нұр-Сұлтан қ., ҚР.*

**Нурышов Д.Е.**

*PhD, доцент*

*Әжинияз атындағы Нүкіс мемлекеттік педагогикалық институты*

*Нүкіс қ., Өзбекстан*

**Құланова Қ.Қ.**

*магистр, доцент Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті*

*Нұр-Сұлтан қ., ҚР.*

## **СТУДЕНТТЕРДІ ОҚЫТУ МЕН ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ЕРЕКШІЛІКТЕРІ**

Қоғамымызда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер мен еліміздің білім беру саласының әлемдік білім кеңістігіне өтуі білім беру саласында, соның ішінде кәсіптік білім беру уақыт талабына сай өзгерістер енгізуді талап етіп отыр.

Қазіргі кезеңде білім ғылым саласында инновациялық жаңа технологиялар қаншалықты маңызды болса, тәрбие бағытында да заманауи технологиялар ұғымы кеңінен қолданылатын ұғымдардың біріне айналды. Болашақ құзыретті мамандарды өсіріп, дамыту мәселесі мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып отыр. Жаңа заман маманы ертеңгі еліміздің болашағы. Кәсіби құзыретті маманды қалыптастырып, дамыту үшін, тұлғаның ішкі дүниесі мен оның қыр сырын анықтап, мүмкіншіліктері мен қабілетінің дамуына жағдай туғызу қажет.

Қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің бірі болып отырған жаңа технология әдістерін пайдалана отырып, мемлекетіміздің ертеңі-бүгінгі ұрпақтың еңбексүйгіш, ақыл-ойы жан-жақты дамыған, өздігінен ізденгіш, өз ойын ашық айта алатын жеке тұлғаны қалыптастыру ұстаздық міндет. Ал саналы да сапалы білім алған студент ұлт келешегі. «Білім туралы» Заңның 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық коммуникациялық желілерге шығу, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау» – деп көрсетілгендей, әрбір ұстазға қойылатын негізгі міндеттердің бірі – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру болып табылады [1].

XXI ғасыр – жаңа технология мен ақпараттандыру ғасыры. Тәуелсіз Қазақстан да сол ғасырға нық қадам басты. Ел өңірінің барлық саласы компьютерлендіріле бастады. Бұл ұлт болшағы үшін маңызы зор қадам. Сондықтан, ол үшін білім беру мекемелерінде студенттердің жеке басының қалыптасуы мен дамуында педагогтардың заманауи тәрбие технологияларын қолдана білу сауаттылығына да байланысты. Сондықтан, тәрбиенің жаңа технологияларды қолдану негізінде келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына жағдай жасау қазіргі таңдағы әрбір педагогтың міндеті. Ғылым – әлемді танудың қайнар көзі болса, негізі – білім. Жоғары мектеп – бұл білім алушыны тәрбиелеу, оқыту, дамыту, ғылыми ізденіске бағыттайтын, өзін-өзін қалыптастыруға қолайлы жағдай туғызатын орта. Қазіргі кезеңде студенттің құзыретті болуына, ақыл – ой, шығармашылық және тұлғалық-бағдарлы мүмкіндіктеріне қойылатын талаптар артуда. Қазіргі кезде ЖОО-да жаңа өзгерістер әлемдік білім беру тәжірибелерін пайдалана отырып, студенттің жеке – дара күшінің дамуын қамтамасыз ететін жаңа технологияларды іздестіру және оларды қолдануға бағытталған. Заманауи тәрбие технологиясы – тәрбие мақсаттарына қол жеткізуге мүмкіндік беретін оқыту формаларының, әдістерінің, жолдарының, тәсілдерінің және тәрбие құралдарының жиынтығы. Бұл дамыту, оқыту және тәрбие процестеріне ықпал ететін тәсілдердің бірі [2]. Университеттегі тәрбие жұмысының негізгі мақсаты – дені сау, ұлттық сана-сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, еңбекқор, іскер, бойында ізгі қасиеттер қалыптасқан, дүниетанымы мол тұлға, көшбасшылық қасиеттерді меңгерген жеке тұлғаны қалыптастыру. 90-шы жылдардың бас кезінде орыс ғылымдары Днепров В.И Загвязинский, еңбектерінде «инновация» ұғымы пайда болды. Олар «инновация» ұғымы білім беру жүйесінде жаңалықтарды жасап шығару, игеру, қолдану және тарту іс – әрекеті деп санайды. М. М. Поташник, А.С. Лоренсов «жаңалық» дегенді құрал ретінде (яғни жаңа әдіс, жаңа технология) ал, «инновацияны» осы тәсілдерді меңгеру үрдіс деп санайды. Қазақстан мемлекетінде «инновация» ұғымын пайдалану соңғы жылдыққа жатады. Ең алғаш «инновация» ұғымы

қазақ тілінде анықтаған Н.Нұрахметов. Ол былай дейді: «Инновация, инновациялық үрдіс деп отырғанымыз білім беру мемлекетінің жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және тартуға байланысты бір бөлек қызметі» [3].

Жаңа технологиялар – ол білім саласындағы қолданатын жаңа ақпараттық технологиялар, ғылым жетістіктеріне негізделген әдістер. Жаңа технологиялар уақыт өткен сайын қуса жеткізбестей қарқынмен дамып жатыр. Бүгін үйренген білімің ертеңгі күні жарамсыз болып қалса, таң қалуға болмайды. Қазіргі таңда адамзат қоғамына ғылыми жаңалықтар мен инновациялық технологиялар қаншалықты маңызды болса, жастарды тәрбиелеу мен оқыту саласын заман талабына сай дамыту соншалықты уақыт сұранысын қанағаттандыратын жаңа бағдарламалармен, технологиялармен қамтамасыз ету болып отыр. Білім берудің жаңа жүйесінің жасалынуы, білім мазмұны мен әдіс – тәсілдерінің жаңаруы бәсекелестікке қабілеті мол, шығармашылық бағытта еңбектенетін, ой қабілетімен ерекшеленетін азаматты тәрбиелеуді көздейді. Сапалы білім – ел болашағын айқындайтын басты көрсеткіш болып табылады. Кез келген оқыту белгілі мөлшерде адамды дамытады. Оқитын пән қаншалықты жаңа, бағалы болса да, оқытушының шеберлігі қандай жоғары болсын, оқытушы мен студенттің өз белсенділігін туғыза алмаса, берген білім күткен нәтиже бермейді. Студенттің адам ретінде қалыптасуы белсенділік арқылы жүзеге асады. Жаңа технологияның басты мақсаттарының бірі – студентті оқыта отырып, ой еркіндігін, белсенділігін, ізденімпаздығын қалыптастыру, өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру [4].

Оқу – тәрбие үрдісіне заманауи технологиялар мен әдістерді енгізу студенттердің білімге деген қызығушылығын, талпынысын арттырып өз бетімен ізденуге шығармашылық еңбек етуге жол салады. Студенттерді оқытуда тиімді әдіс – тәсілдерді пайдалана отырып, сабақты қызғылықты да тартымды өткізу оқытушының шеберлігіне байланысты екені баршамызға мәлім. Жаңа кезеңге бет бұру оңай емес. Ол үшін болашақ ұрпағын тәрбиелеу рухани жан-дүниесі бай, халқын сүйген, ата-баба жерін қадірлейтін ұрпақ болашақ тірегі бола алады.

Ұрпақ тәрбиесі – ел алдындағы маңызы зор міндет. Еліміздің, қоғамның экономикалық, саяси, мәдени дамуына үлес қосатын, әлемдік инновацияға көтерілетін білімді де мәдениетті, парасатты, денсаулығы мықты азамат тәрбиелеп шығару – университеттің, ұстаздар қауымының бүгінгі таңдағы баға жетпес міндеті. Адам ұрпағымен мың жасайды дегендей, ұрпақ тәрбиесі қай кезде де халықтық мәселе болған. Тарихтан білетініміз: дарындылар, қабілеттілер аса жоғары бағаланған, сондықтан қазіргі кезде ұстаздар алдында тұрған аса маңызды міндет – талабы таудай жеке тұлғаны өсіріп шығару. Ал еш нәрсеге бейімділігі жоқ қабілеті жоқ адамның болмайтыны педагогикада дәлелденген. Студент талантын тауып, дарынын дамытар жұмысты оқуға түскеннен бастап жүргізу керектігі айдай анық. Білім беру үдерісіндегі соңғы уақыттарда көп қолданылып, оң нәтижесін көрсеткен жана технологиялар туралы айтуға болады. Жаңа технологиялардың ерекшелігі: тұлғаның бағдарлы көзқарсты, білімдегі дәлдікті, шығармашылық бастауды, сонымен бірге жаңа технологиялық мағлұматтарды игеруін айтады [5].

Оқу-тәрбие үрдісінде қолданып, айтарлықтай нәтиже беріп жүрген жаңа технологиялар мыналар:

- конспекттер арқылы оқыту
- тесттік жүйемен оқыту
- иммитациялық әдіс
- мультимедия мүмкіндіктерін қолданып оқыту
- дискуссия сабақтары
- лекция – семинар сабақтары.

Демек, оқыту технологиясы – педагогикалық әрекеттерді ғылыми-әдістемелік, іс-тәжірибелік негізде нәтижелі болатындай етіп, жоспарлы түрде ұйымдастыру қажет.

**Конспект арқылы оқыту**- көшірме, дәйексөздерді кейде тезистерді үйлестіретін конспект түрі. Бұл конспект түрі басты мәселелерді өздігінен, нақты және қысқаша тұжырымдау шеберлігін қажет етеді. Ол үшін материалды тереңнен түсіну, бай және белсенді сөздік қор болуы тиіс.

**Мультимедия мүмкіндіктерін қолданып оқыту**-ақпараттандыру технологиясы арқылы заман талабынан сай сабақ берудің тиімділігі өте көп. Күнделікті сабаққа видео, аудио қондырғыларды мен теледидарды, компьютерді, интерактивтік тақта мен мультимедиялық проекторларды пайдалану үлкен нәтижелер беретініне әр мұғалім өзі көз жеткізіп отыр. Жаңа ақпараттық технологияның ерекшелігі мұғалімдер мен студенттердің бірлесіп, шығармашылықпен жұмыс істеуіне ықпал етеді.

Студенттердің оқу-тәрбие үрдісіне жаңа ақпараттық технологияны енгізу арқылы оқу сапасы жақсарып, дамыта оқыту жүзеге асырылып, сабақ қарқыны жеделдетіледі. Электрондық оқулық студенттердің өз бетімен білімдерін толықтыруларына мүмкіндік береді. Ақпараттық технологияның



ерекшелігі: студенттердің өздері ақпараттар жинап, жаңалық ашуға ұмтылып, ізденіп жауабын тауып, өзінің көзқарасын логикалық түрде дәлелдейді.

**Дискуссия сабақтары**- пікірталас, белгілі бір мәселе бойынша пікір сайысы, қандай да болсын мәселені немесе өзара байланысты мәселелер тобын білікті тұлғалармен бір мәмілеге келу үшін талқылау.

Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани азаматтық және де басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Бір технологияның өзі атқарушылардың шеберлігіне байланысты әр қилы жүзеге асырылуы мүмкін.

Студенттердің жаңа технология негіздерінен алған білімі арқылы:

- студенттің пәнге деген қызығушылығы артады, құлшынысы оянады.
- шығармашылық қабілеттері артады.
- жылдам ойлауға машықтанады, білім сапасы артады.
- студенттер өз бетімен жұмыс жасауға дағдыланды.
- компьютерлік сауатты болуға үйренеді.

Оқытылатын сабақтың қызықты өтуі оқытушының үнемі іздену, ұтымды әдіс-тәсілдерді қолдану, оқыту әдістемесін жаңартып отыруына байланысты. Қазіргі таңда педагогикалық пәндерде оқытушының инновациялық және интерактивтік әдістемелерін сабақ барысында пайдалана отырып сабақтың сапалы, әрі қызықты өтуіне ықпалын тигізуіміз қажет.

Жаңа технологияның негізгі, басты міндеттері мынадай:

- әрбір білім алушының білім алу, даму, басқа да іс-әрекеттерін мақсатты түрде ұйымдастыра білу;
- білім мен білігіне сай келетін бағдар таңдап алатындай дәрежеде тәрбиелеу;
- өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, дамыту;
- аналитикалық ойлау қабілетін дамыту;
- қазіргі педагогикалық мәселелерді зерттей білуге үйрету.

Сонымен қатар жоғарыда аталған жаңа технологияларды мүмкіндігімізше өз пәнімізде қолдансақ, болашақ маман сапалы білім, саналы тәрбие алатынына және мемлекетіміздің өркендеп, өсуіне өз үлестерін қосатындарына сенімдімін. «Армансыз адам қанатсыз құспен тең» демекші, менің ұстаз ретінде де, еліміздің ұлтжанды азаматшасы ретінде де арманым еліміздің әрбір азаматы терең білімді, интеллектуалды, заманауи техникаларды еркін меңгере алатын, әрқайсысы еліміздің дамуына өз үлесін қоса алатын болса деймін [6]. Ол үшін оларға білім беретін ұстаздар өз пәнін жетік меңгерген, теория мен практиканы студенттер бойына сіңіре алатын шығармашыл, ізденімпаз, ең бастысы еңбекқор болуы қажет.

Нәтижесінде:

- студенттердің пәнге деген қызығушылығы артады;
- студенттердің университет, қалалық, сайыстарға белсене қатысуда құштарлықтары дамиды;
- студенттердің қалалық, облыстық олимпиадаларда жүлделі орындарға ие болады;
- әр түрлі оқулардан жүлделі орын алады;
- білім сапасы жоғарылайды;

Жаңа инновациялық білім беру әдістемелері – тиімді құралдың бірі. Инновациялық білім – іскерліктің жаңа түрі. Инновациялық қызмет пәндердің мазмұнын тереңдетуге, ұстаздың кәсіптік шеберлігін арттыруға, оқу ісін дамытуға бағытталған. Ең бастысы, студентті келешек өмірге дайындап, білім-біліктерін, іскерлігін өмірде қолдауға жағдай жасайды.

Сонымен, білім жүйесіндегі инновация – білім мақсатына жаңашылдықты енгізуді көздейді, оқыту мен тәрбиенің жаңа әдісі мен түрлерін, жаңа мазмұнын әзірлеуге, қолдануға жоғары оқу орындарының тәжірибелік қорын жинайды. Жоғары мектептің ұстанымдарын жаңа білімділік бағдары болған жағдайда, білім беру жүйесінің мақсатын, мазмұнын, әдісін, түрлері мен басқа компоненттерін көздейтін жүйелі сипаттағы білім мен тәрбие беруді көздейді.

Қорыта келгенде, жаңа технологияны енгізудің саналылығы білім беру ісінің дұрыс жолға қойылып оны ақпараттандыру деңгейін күшейтуге келіп тіреледі. Дамыған елдердің тәжірибесінде білім беру жүйесін ақпараттандыруды білім берудегі тиімді шарттардың бірі ретінде қарап отыр. Олай болса, оқу үрдісін ұштастыруда білім беру мекемелерінің қай түрін алсақ та (колледж, институт, университет, мектеп т.б.) оны ақпараттандыру мен тиімді жаңа технологияны қолдануға баса көңіл болу әрбір педагогтың міндеті.

**ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Заңы. Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 20, 151-құжат; "Егемен Қазақстан" 2007 жылғы 15 тамыз № 254-256
2. К.Ж.Бұзаубақова. Жаңа педагогикалық технология./Оқулық/ -Тараз:ТарМУ, 2003
3. М.Валиева «Жаңа педагогикалық технологиялар» Әдістемелік нұсқау, 2002
4. Н. Суворова. Интерактивное обучение: Новые подходы. М.: Роспедагентство, 2005. – 110 с.
5. Б.Бөрібаев, Е.Балапанов «Жаңа ақпараттық технологиялар».–Алматы : Ғылым, 2001. 2-ші бөлім. – 141 Б.
6. Нағымжанова Қ. Инновациялық технологияның құрылымы. – А.:Өркен, 2007

*Усина Ж.А.*  
*к.п.н, ассоциированный профессор*  
*Высшая школа «Искусство спорта»*  
*Павлодарский педагогический университет*  
*г. Павлодар, РК.*

*Усин Г.А.*  
*инструктор по физической культуре*  
*Монтажный колледж, г. Павлодар, РК.*

*Темирболатов К.Б.*  
*преподаватель Высшая школа «Искусство и спорта»*  
*Павлодарский педагогический университет*  
*г. Павлодар, РК.*

*Ходотчук А.С.*  
*Преподаватель-эксперт*  
*Высшая школа «Искусство и спорта»*  
*Павлодарский педагогический университет*  
*г. Павлодар, РК.*

## **ИНДИВИДУАЛЬНЫЙ СТИЛЬ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ БОРЦА В ВОЛЬНОЙ БОРЬБЕ**

Проблеме индивидуального стиля деятельности посвящено значительное количество исследований (Д.Г. Миндиашвили, 1992; А.И. Завьялов, 1992; А.А. Карелин, 2002; В.А. Бородихин, 2003; Ж.А. Усин, 2020.) Ими изучались индивидуальные стили (манера) работы в различных аспектах человеческой деятельности и в спорте.

**Актуальность исследования.** В содержании подготовки (соревновательной) борца по логике его спортивной работы входит индивидуальный стиль деятельности. Он определяет режимы работы борца, содержание его тактико-технических действий и операций. Этот уровень деятельности спортсмена состоит из устойчивых составляющих различных сторон подготовки, образуя интегральную структуру его спортивной деятельности. Составляющие соревновательного уровня каждой стороны подготовки проявляются в соревнованиях комплексно, обеспечивая борцу спортивный результат. Разработанные нами персональные модели элитарных борцов при сравнении их с эталоном – идеальным олимпийского чемпиона – позволяют выявлять их сильные и слабые места в спортивной подготовке, оценить их и внести необходимые коррективы. Следует иметь в виду, что модель идеального олимпийца имеет статистический характер, в том смысле, что содержит усредненные характеристики качеств, необходимых для достижения спортивного результата. Достоинство модели заключается в том, что она содержит весь комплекс параметров, гарантирующих высокий спортивный результат с учетом взаимного влияния параметров модели друг на друга. Любой высококвалифицированный борец, находящийся на вершине спортивной элиты, представляет собой ярко выраженную индивидуальность, со своим, присущим только ему одному набором способностей, характеристик и качеств, обеспечивших ему достижений спортивного результата на данном временном интервале.

**Целью исследования является** сохранения ведущих борцов своих позиций в течении достаточного длительного времени требует от него и его тренера постоянного поиска средств и методов совершенствования спортивного мастерства. В этом смысле сравнение данных модели идеального борца и персональных характеристик борца служит выработке управляющего воздействия, позволяющего целенаправленно совершенствовать индивидуальные качества таким образом, чтобы развитие одних качеств не влекло за собой угнетение других, влияющих на достижение спортивного результата.

В процессе педагогического эксперимента нами, были изучены персональные модели спортивной подготовленности 25 борцов высшей квалификации. Разработка персональных модельных характеристик комплексной подготовленности борцов позволила нам диагностировать их состояние готовности. Сличение индивидуальных данных каждого исследуемого борца с идеальным портретом чемпиона выявило их преимущества и недостатки в личной спортивной подготовке.

Однако в современной методике обучения недостаточного внимания уделяется сознательному формированию индивидуальной манеры ведения борьбы, хотя важность ее для достижения успеха бесспорна. Управление формированием индивидуальной манеры ведения схваток, отвечающей как способностям самого борца, так и его требованиям деятельности на ковре, позволяет добиться более короткое время.

Спортивная деятельность борцов на ковре, их манера ведения поединков определяется, с одной стороны – спецификой борьбы как вид спорта и правилами соревнований, с другой стороны –

индивидуальными особенностями личности самого борца. К личностным особенностям спортсмена относятся типологические свойства нервной системы, функциональные, конституциональные особенности телосложения, физические качества, темперамент, волевые черты характера и др. Эти особенности являются основой для индивидуального подхода в сложившейся практике спорта, а сам принцип индивидуального подхода одним из важнейших принципов воспитания и обучения.

Важной особенностью выдающегося борца является возможность широкой компенсации одних свойств и качеств другими. На основе адаптационных возможностей организма спортсмена к содержанию и требованиям борьбы происходит формирование персонального стиля деятельности. Персональный стиль деятельности борца является одним из эффективных путей к правильной организации и своевременному приспособлению его поведения к тренировочным и соревновательным условиям работы. Это стиль характеризуется высокоустойчивой системой приемов, способов и их вариантов, базирующихся на индивидуальных психофизических, функциональных, тактических, технических и анатомо-морфологических особенностях борца.

Персональный стиль спортивной деятельности по своему содержанию уникален и практически неповторим, он присущ только конкретному спортсмену. В начале он формируется непроизвольно, стихийно, на базе врожденных (генетических) способностей, психических свойств, физических качеств, анатомо-морфологических особенностей, тактического и технического потенциала. Имеющихся в активе спортсмена двигательных навыков и уровня развития анализаторных систем. В дальнейшей стиль целенаправленно совершенствуется под воздействием планомерной совместной работы борца и тренера, образуя персональный стиль спортивной деятельности. В ходе индивидуальной работы происходит процесс ее симбиоза, сочетающий в себе систему развития спортсмена и тщательного совершенствования, который, по сути, не имеет границ. В этом процессе отмечается сложное взаимодействие различных качеств, способностей, состояний, переходящих в ходе последующего совершенствования в относительно устойчивую систему эффективных динамических процессов и способов деятельности, соответствующую индивидуальным психо-физиологическим особенностям организма борца. По мере формирования персонифицированных способностей свойства и качества, присущие данному борцу, преобразуются в новые качественные образования, которые позволяют наиболее полно раскрыть его индивидуальные возможности. В процессе соревнований они закрепляются, приспособляясь спортсмена к системе вариативных требований и ситуаций, исходящих как от содержания борьбы, так и самого соперника. Таким образом, борец, в пределах допустимого, перестраивает свою спортивную деятельность под себя, создавая максимум тактических, технических и стратегических удобств, которые на основе их регуляции и импровизации создают эффект персонального совершенства в двигательной деятельности. Выработывается и шлифуется устойчиво пластичный и эффективно-экономичный стиль деятельности, позволяющий на фоне затраты физической и психической энергии обыгрывать и побеждать своих ведущих соперников. В спортивной борьбе персональный стиль деятельности формируется и совершенствуется в тренировочной и соревновательной работе. В тренировочной работе охватываются персональные разновидности способностей, качеств, свойств, участвующих в совершенствовании тактики, техники, повышении ОФП и СФП, чередовании нагрузок с оптимальным отдыхом, разминки перед тренировочной схваткой, в игровых видах спорта, оперативно и качественно снимающих психическую напряженность от «ковровой» работы.

При целенаправленном формировании персонального стиля борьбы тренер должен опираться на сильные стороны подготовки и существенные персональные признаки, определяющие успех в соревнованиях. В первую очередь следует принимать во внимание типологические свойства нервной системы, учитывать координационные способности, обеспечивающие спортсмену выполнение оптимального объема работы, результативность тактико-технического арсенала борьбы, эмоциональную устойчивость и анатомо-морфологические особенности тела, являющиеся фундаментом при построении персонального стиля деятельности. Формирование индивидуального стиля деятельности происходит путем овладения необходимым арсеналом тактических и технических действий. Фактически борец достигает успеха в условиях индивидуального стиля деятельности за счет одаренности, личной творческой активности, выбора рациональной системы тренировочного процесса, а также оперативной адаптации организма к условиям и требованиям, предъявляемым самой спортивной борьбой. Путь к вершинам индивидуального стиля деятельности весьма персонифицирован. Каждый борец максимально использует свои наиболее ярко выраженные стороны. Одновременно у него происходит компенсация относительно слабых сторон и обеспечивается формирование спортивного результата за счет сильных качеств.

Персональный стиль деятельности обычного формируется на этапе базовой подготовки атлета, которая ограничивается преимущественно действиями атаки и контратаки. По прошествии нескольких лет углубленного совершенствования стиль выковывается и приобретает верх совершенства. Как

правило, персональный стиль деятельности реализуется борцом через основные аспекты его тактико-технической подготовки. При формировании персонального стиля деятельности борцу необходимо сосредоточиваться на тех компонентах, которые играют существенную роль в результативности исхода соревнований: мотивация, коронные атакующие действия и тактика ведения поединка.

Мотивация создает борцу устойчивое состояние на основе осознания им возможности через соревновательный результат реализовать свое техническое преимущество над соперником. На этапе углубленного совершенствования спортсмен старается довести конкретные атакующие приемы до филигранного совершенствования, чтобы они в схватках с любыми соперниками обеспечивали победу на туше или приносили победные очки. Эти приемы в обиходе борьбы называют любимыми и коронными. С их помощью спортсмен добивается высокого тренировочного эффекта и результативного выступления на соревнованиях. Они обеспечивают борцу формирование комбинированного стиля борьбы, являющегося вершиной спортивного мастерства.

При длительном их совершенствовании на фоне системы сбивающих факторов выкристаллизуется персональный стиль ведения поединков. Его совершенствование обеспечивается трансформацией технико-тактической подготовленности путем расширения арсенала тактических способов подготовки, подключения новых тактических операций, вариантов оптимальной реализации приемов, способов ведения поединка. Нарботки и усложнения комбинационных связей, за счет освоения новых приемов, связок, коронных приемов и активной гиперболизации функциональных и физических способностей. Коронные приемы в ходе длительного совершенствования должны быть доведены до высшей степени точности и автоматизма их реализации в любых условиях поединка. Технике выподнения коронного приема должно предшествовать благоприятная ситуация, на фоне которой выполняются тактические способы, обеспечивающие ее эффективную реализацию.

**В тренировочных условиях индивидуальный подход к спортсмену применяется в основном:**

при демонстрации приемов и постановке задач и заданий;

при коррекции двигательной деятельности в ходе выполнения приемов, заданий, проведении схваток различной направленности и после их завершения;

при индивидуальных домашних заданиях для спортивного совершенствования;

при эпизодическом разборе (ошибки, замечания, установки) отдельных тренировочных схваток.

Практика работы с борцами показывает, что персональный стиль деятельности (ПСД) позволяет ускорить процесс спортивного совершенствования за счет широкого внедрения в спортивную практику индивидуальных уроков, проводимых на общем фоне групповых занятий.

### **Заключение.**

Денсаулықты нығайту проблемасының өзектілігі әрбір адам үшін ең үлкен құндылық болып табылады және адамның өзін-өзі сақтау, этнос, ел халқының қауіпсіздігі және жаһандық ауқымда адам теінің өмір сүру мүмкіндігін анықтайды. Тақырыптың көкейтестілігі Қазақстан Республикасы халқының, оның ішінде студент жастардың денсаулық жағдайының нашарлауымен анықталады. Бірқатар зерттеушілер студент жастар денсаулығының қиын жағдайын атап өтеді, бұл сабақтардағы ақыл-ой жүктемелерінің жеке және жыныстық-жас ерекшеліктеріне, ұтымсыз тамақтануға, салауатты өмір салты талаптарының бұзылуына және аз қозғалатын өмір салтына сәйкес келмеуіне байланысты [1, 2, 3].

Осының бәрі қоршаған ортаның экологиялық ластануымен бірге созылмалы аурулардың дамуына әкеледі. Әскери қызмет атқаруға жарамсыз жасөспірімдер саны ұлғаяды. Ауру түрлерінің жылдам дамуына, үлгерімнің төмендеуіне, өзін-өзі зақымдайтын және қоршаған ортамен балалардың толық емес кешенді көрінуіне, үйлесімсіздігіне ықпал етеді. Көбінесе психикалық бұзылулар, невроздар байқалады, генетикалық негізделген ауытқулар саны артып келеді.

Қазақстан Республикасының 2050 жылға дейінгі даму стратегиясы бағдарламасында ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаев халықтың денсаулығын нығайту және салауатты өмір салтын қалыптастыру жөніндегі жұмысты кеңейтуді қоса алғанда, басымдықты жетілдіруді дамытуға назар аударды [4]. Осыған байланысты студент жастардың дене тәрбиесін жетілдіру бойынша күш-жігерді жандандыру аса маңызды мәнге ие, себебі бұл жаста адамның барлық қажеттіліктерімен, бейімділігімен, мотивацияларымен және денсаулық құндылығы, кәсіби қызметте табыс пен бақытпен қамтамасыз ету туралы түсініктері бар тұлға ретінде қалыптасуы орын алады.

Жоғары оқу орындарында дене тәрбиесі үдерісін жетілдірудегі перспективалық бағыттардың бірі дені сау, дене бітімі және интеллектуалды дамыған студенттердің жас (топтық) және жеке модельдерін әзірлеу негізінде студенттерді сауықтыру бойынша іс-шараларды жүйелі ұйымдастыру болып табылады.

Адам күнделікті іс-әрекетінде – тұрмыста, өндірісте, дене тәрбиесі мен спортпен айналысқанда әралуан қозғалыс жасайды. Физиологиялық тұрғыдан алғанда – өзара тізбектелген қозғалыс әрекеттері (қимылдар) белгілі мақсатқа жету үшін орындалатын жаттығулар.

Американың медициналық журналында жарияланған зерттеу жұмыстарында дене белсенділігін көбейтіп, дұрыс тамақтанып, өмір салтын өзгертудің тіпті жас ұлғайған шақта да адам өмірін айтарлықтай ұзартатындығын көрсеткен. Осы орайда дене жаттығулары мен спорттық қимылды-қозғалыс ойындарға тікелей қатысу арқылы дене дайындығын, дене әзірлігін дамытып ғана қоймай, сабақтан тыс уақыттағы дене қимыл-қозғалыс әрекеттерінің де ағзаға әсерін қамтамасыз етуге болатынына ғылыми бағытта тұжырым жасауға болатынына назар аударамыз.

Денсаулықты нығайту бүгінгі күннің және болашақтың да өзекті мәселесі болып қала береді. Өмір сүріп жатқан әрқайсымыз дені сау, іскер болып, ұзақ өмір сүрудің жолдарын осы кезден қарастыруымыз керек. Әркім өз денсаулығын, экологиялық, әлеуметтік, тұрмыстық тауқыметтердің тізгініне ұстатпай, бала кезден қолға алуы қажет. Бұл бәріміз үшін моральдық, қоғамдық қажеттілікке айналуы тиіс [5].

Денені шынықтырудың, сауықтырудың әдіс тәсілдері әртүрлі және сан алуан. Бірақ қандай әдіс-тәсілдерді қолдансақ та оның бәрін жүйелендіру арқылы жүзеге асырылады.

Дене тәрбиесі құралдарын жүйелі жүргізу арқылы денсаулықты нығайту процесі жан- жақты ғылыми, әлеуметтік, экологиялық тұрғыдан негізделіп, жүргізіліп, ұйымдастырылса ғана өз нәтижесін береді.

Дене тәрбиесінің құралдары бұл – дене жаттығулары, сан алуан қимыл қозғалыстар. Әртүрлі жаттығулар, қимыл-қозғалыстар денеге дәрі сияқты әртүрлі әсер етеді. Нәтижеде денені, оның жеке

мүшелерін морфофункционалық өзгерістерге бейімдейді. Адам денесінде 639-ға жуық бұлшық ет топтарын қимыл-қозғалысқа келтіретін, екінші сөзбен айтқанда шынықтырып, жетілдіретін қозғалыс түрлері де сан алуан болуы қажет. Сонда ғана дененің жалпы дамып жетілуі қамтамасыз етіледі. Ал, дененің жетілуі неғұрлым сәби жастан бастап қолға алынып, апта мерзімінде оқушының 10-12 сағаттан кеш емес қозғалыс әрекеттеріне қатысса ғана тиімді болады.

Алайда сәби жастағыларға ұсынылатын қимыл-қозғалыс, жаттығу түрлері жас ерекшеліктеріне байланысты (сүйек, бұлшық ет талшықтарының жетілуіне байланысты) шектелуі.

Адамның өмір сүру барысында өте қажет болатын дене сапалары (күш, икемділік, төзімділік, ептілік, жылдамдық) мектеп жасындағы оқушылар үшін дене тәрбиесі құралдарын дұрыс жүйелеудің маңызы бар. Жүйелеу барысында мына төмендегі аспектілер ескерілуі тиіс:

- дене тәрбиесі құралдарының жеке тұлғаның қалыптасуына, адамгершілік қасиеттерінің жетілуіне ықпал жасау;

- шұғылданушының дене тәрбиесі және спорт жөнінде білім алып, әдептілік этикеттерін меңгеруге көмектесу;

- өз денсаулығының деңгейін бақылауға, денсаулыққа кері әсер ететін факторларды білу;

- оқушылардың денсаулығын нығайтуға бағытталған мектеп ұжымымен ата-аналардың екі жақты мүдделі ес-қимылдарының жүзеге асырылуы;

- әркімнің «өзіндік денсаулық төлқұжатын» жасауға көмектесу;

- салауатты өмір салтының қағидаларын меңгеру арқылы дене, ақыл-ой психикалық, адамгершілік, мәдени, интеллектуалдық деңгейін жетілдіру;

- мектеп өмірінде, ұжымында ата-аналар арасында дене тәрбиесімен спорттың жан-жақты насихатталуын қамтамасыз ету.

Осы аспектілерді басшылыққа ала отырып дене тәрбиесі мен спортты студенттік кезеңде және мектеп жағдайында жүйелеу өз нәтижесін береді. Алайда бұл да аздық етеді.

Мектеп оқушыларының қимыл-қозғалыс дағдыларын меңгеріп, мүсіндерін сомдап шынығып өсулері үшін күнделікті тұрмыстық жағдайда кездесетін қимыл әрекет қозғалыстардың да ықпалы бар екеніне көз жеткізуге болады.

Солардың бір қатарына тоқтала кетсек, мұны ұлттық тәрбие бағытын дене тәрбиесі жүйесімен сабақтастыру деп түсінген дұрыс болар. Өйткені екі жүйе де студенттер денсаулығын нығайтуға бағытталған.

Қазақ халқының өмірінде еңбек түрлері өте көп (егін, мал шаруашылығы) үлкенге ілесе жүріп балғын бала шөп шауып, шөмеле үйюді, кесек құйып, қабырға тұрғызуды, ағаш жонып ас-аяқ, ертоқым жасауды ауыздықтап асау үйренуді тағы басқа меңгеру арқылы бойына батылдықты, алғырлықты, қайсарлықты, ұлттық рух, құндылықтарды, өжеттілікті қалыптастыра білген. Ал, білектерін сыбанған қыз-балалар ақ самайлы әжелердің сабауларын (жүн сабау) келі түйген келіндердің келсаптарын, күбі сабаларын қолынан алып алмастырған. Тіпті қыз балалар мал сауу, май шайқау, тары ақтау, кілем тоқу, жіп иіру сияқты күнделікті тұрмыстық еңбекке араласу арқылы өз ара бәсекеге түсіп, өздерін іскерлік, еңбек сүйгіштікке, тапқырлыққа баулып, дене бұлшық еттерінің үнемі белсенді қимыл-қозғалыс әрекетінде болуына ықпал жасаған. Сол арқылы сергектік пен сезімталдықты, іскерлікті бойына қалыптастырған. Бұдан біз халықтық салт-дәстүрдің және халыққа тән тұрмыстың әдет-ғұрыптың кейбір көріністері арқылы еңбекке үйренумен бірге дененің қимыл-дағды, қабылеттерін қалыптастыратын тәрбие рухани құралы ретінде де қаралатындығын байқаймыз.

Қазақ қыздары тұрмыс жағдайында күнделікті ауыз ас суды көрші құдықтан немесе бастау, бұлақ, өзен-суларынан иін ағашпен ара-қашықтыққа қарай дем ала отырып екі иықпен кезек-кезек алмастыра отырып тасыған. Тасымалдау күн бойына бірнеше рет қайталанған (танертеңгі, түскі, кешкі ас алдында). Ал өкше тұсына дейін жететін қос бұрымға тағылған қос шашбау, ай табақтай алқа, қыз мүсінің тік тұлғалы болып өсуін, ал иін ағаш координациялық (қимыл биімділігі) қаракетін, дағдыларын жетілдіріп, қалыптастырған [6].

Күн бойында кілем тоқу, өрнек салу, жіп иіру, жүн түту әрекеттерінде статикалық жаттығудың элементтері бар. Бұл қимылдан саусақ, иық, шынашақ, екі жақты, үш жақты желке тұс, жауырын, қабырға аралық екі жақты тікше, трапеция тәріздес т.б. бұлшық еттердің дамып жетілуіне ықпал еткен. Бұлардың бәрі дене жаттығулары емес, бірақ бұл қимыл-қозғалыстар дене жаттығуларында кездесе бермейтін, бұлшық ет онтогонистеріне, органдарына әсері тиетіні бар.

Ұлттық тәрбиенің, салт-дәстүрдің көріністерінен туындайтын, еңбекке қатысу арқылы дене, ізгілік қасиеттерді қалыптастыру халықтық педагогиканың бір саласы деуге әбден болады.

Мұны тек қазіргі қолданып жүрген дене тәрбиесі жүйесімен сабақтастыра жүргізсе, тиімді болмақ. Әсіресе ұлттық ойындар арқылы. Себебі ол ойындарда ұлттық құндылықтарға баулитын элементтер басым.

Қазір барлық қимыл-қозғалыс әрекеттері шектеулі. Шөп ормайды, асауды үйретпейді, ағаш жармайды, отын тасымайды, суда бәрі дайын. Артық қимыл жоқ. Адамның 26 жасқа дейін бұлшық ет сүйектері өсіп жетіледі. Одан әрі адам ағзасы керісінше «қартая бастайды». Ал, қимыл-қозғалыстың азаюы кәрілікті жақындатады. Сондықтан, әрбір күнді қимыл-қозғалыс әрекеттеріне белсенді қатыспау тек кәрілікті ғана жақындатып қана қоймай, өмірді де қысқартып, әртүрлі ауру түрлерін «сыйға» тартады. Жаяу жүр, спортқа бар, дене шынықтырумен айналыс, табиғат аясына шық, тұрмыстық жағдайдағы жұмыс түрлеріне қатысудан бас тартпа. Қайта өзің «сұрап», өзің «тауып» ал. Бұл ұзақ өмір сүруге, әрі денсаулығыңның жақсы болуына кепілдік береді. Ал, темекі, насыбай, ішімдік денсаулықтың қас жауы. Ол 14 түрлі ауруларға жол ашып береді. Көп қимылда, көп қозғал, өмірің ұзарып, сау жүремің десен, көліктерге жиі мінуге әуестенбе. Көп отыру, аз қимылдау, жүрек-қан тамырлары жүйелеріне қатты соққы береді. Ерінбе ерте тұр, жұмысыңа жаяу бар. Сергек, ұйқың тыныш болады. Аз қимылдайтын адамдарда қан тамырлар семи бастайды, холестерин көбейеді. Қан тамыр адамның екінші жүрегі делік, жүрек бұлшық еттерін шынықтыру тек әртүрлі қимыл-қозғалыс әрекеттеріне қатысу арқылы жүзеге асады.

Қазіргі заманда өмір сүретін адамдар, өздерін еңбек етуді жеңілдететін толып жатқан құралдармен қамсыздандырып, өнімсіз қол еңбегінің үлесін азайта отырып, ағзаның ауруға қарсыласуын кемітіп, жаңа науқастардың пайда болуына себепкер, адам ағзасының қызметтік мүмкіндіктерін төмендетуге әкеп соқтыратын құбылысқа тап болды.

Қара жұмыс пен бұлшық еттің белсенді әрекет етуі, ағзаның дамуы мен өміршеңдік қызметтерін, оның ішінде жүйке жүйесін де қалпына келтіре алатыны ертеден белгілі. Қимыл-қозғалыс белсенділігін шектеу ағзаның дамуын жойып жіберуге дейін апаруы мүмкін. Осыны түсінгендіктен болар, бүкіл әлем соңғы уақытта дене шынықтыру мен спортқа басты назар аудара бастады. Осындай назар аудару дене шынықтыру мен спортты дамыту арқылы жүруде.

Қоғамдық шаралар мен жеке адамның гигиенаны денсаулықты нығайту және денені жетілдірудегі қабілеттілікті дамыту үшін, дене жаттығуларды табиғи факторлармен біріктіре қолдану «дене шынықтыру» термині ретінде түсіндіріледі [7]. Дене шынықтыру – ағзаның дене жағынан қалыптасудың қасиеттері сапасының дамуына бағытталса, ал спорт спорттың жеке түрі бойынша жоғары нәтижеге жетуге қажетті қасиеттерді баса дамытуға бағытталған.

Осындай қарама-қайшылыққа қарамастан – спорт дене шынықтыруда балалар, жасөспірімдер және жастар өміріне енгізетін жүйенің ең маңызды бөлігі болып табылады. Бала дене шынықтырумен ерте жасынан отбасында, балаларға арналған мектеп жасына дейінгі ұйымдарда, оқу орындарында және ұйымдастырылған ұжымдардан бөлек тұрмыстық жағдай қимыл-қозғалыс әрекеттерімен де шұғылдануға тиісті. Белсенді қозғалудың арнайы, күрделірек түрлері, дене жаттығуларын орындау мен оқып-үйренуде, дене шынықтыруда негізгі құрал болып табылады [8]. Әдетте дене шынықтыру тұрғысынан тәрбиелеу барысында, гимнастика элементтері болып саналатын дене-күш жаттығулар, сонымен қатар спорттың әр түрі ұлттық және спорттық ойындар, жаттығулар, бой сергіту, шынықтыру мен туризмде қолданылады [9].

Дене шынықтыру барысында, бұлшық етке әр түрлі мөлшерде, түрлі жүктемелерді орындау нәтижесінде, дене-күш мүмкіншіліктері үйлесімді даму мүмкіндігіне, қозғалу дағдысын жетілдіріп және қалыптастыруға, денсаулықты нығайтып, жүйке жүйесінің қызметтерін жетілдіруге қол жеткізіледі. Айтылған жайларға орай, дене шынықтыру сауықтыру құралы ретінде кең таралғаны өз-өзінен түсінікті. Осы тұрғыдан алып қарағанда, науқастан жазылғаннан кейін, денсаулықты қалпына келтіру үшін дене шынықтыру кеңінен қолданылады, әсіресе оны гиподинамияға (қозғалысты шектеуге) қарсы қолдану маңызды рөл атқарады.

Дене жаттығуларымен бірқалыпты, орташа деңгейде айналысатын адамдардың иммундық күйі жоғары екендігі, сирек ауыратыны, ал сырқатынан тез айығатыны белгілі.

#### **ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Есіркепов Ж.М., Ержанов С.Ө., Махатаев Т.С. Дене тәрбиесі және спорт құралдары мен нашақорлық профилактикасы және салауатты өмір салтын қалыптастыру // Дене тәрбиесінің жаршысы. – Алматы, 2009. – №2. – 47-52 б.
2. Сухарев А.Г., Адамбеков К.И., Касымбекова С.И., Егизбаев Ж. Состояние здоровья учащихся и пути его укрепления средствами физической культуры // Сб.науч.статей. – Алматы, КазИФК, 1998. – С. 99-103.
3. Егизбаев Ж. Дене тәрбиесі құралдарын жүйелі қолдану арқылы оқушылар денсаулығын нығайту /Алматы, 1999.
4. Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 ақпандағы №922 Жарлығы.
5. Егизбаев Ж. «Деніңіз сау, өміріңіз өнегелі болсын» Қызылорда «Тұмар» баспасы, 1998. – 68 б.



6. Әлімбекова А.Ү. Жеке тұлғаны спорт ойындары арқылы саламатты өмір салтына тәрбиелеу // Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Тараз 2017. – 145-148 б.
7. Мұсаев Ә., Омаров Ж., Фазылов Ә. Дене тәрбиесінде ұлттық ойындарының қолдану әдістемесі / Оқу құралы. – Түркістан, 1999.
8. Тәнекеев М.Т., Құралбекұлы А. Қазақ эпостарындағы халық ойындары. Журнал. Теория и методика физической культуры. – Алматы, 2000. – №1. 75-77 б.
9. Әлімханов Е. Дене тәрбиесі және спорт этнопедагогикасы // «Ұлттық спорт пен ойындардың бүгінгісі мен болашағы». Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция. Алматы, 2010. – 24 б.

*Абдукаимова М.Г.*

*2-курс студенті*

*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда  
университеті, Қызылорда қ., ҚР*

*Ғылыми жетекшісі:*

*Қуатбеков Ш.Н.*

*педагогика магистрі*

*«Дене шынықтыру және бастапқы  
әскери дайындық» кафедрасы*

*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда  
университеті, Қызылорда қ., ҚР*

## **МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫН САЛАУАТТЫ ӨМІРГЕ ТӘРБИЕЛЕУДЕ ҚАЗАҚТЫҢ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРІНІҢ АЛАТЫН ОРНЫ**

Жалпы келешек ұрпақты зиянды әдеттер, әдепсіз қылықтан арылу, ауырып ем іздемей тұрып, салауатты ғұмыр кешуге жол табу туралы мәселе ерте кезден-ақ зерделенген. Адамның рухани ішкі және сыртқы тазалығы адамгершілік, имандылық қасиеті, ақыл-ойының, дене бітімінің саулығы, тәлім-тәрбиесі туралы мәселелерді адамзат тарихи тамырын тереңнен алады. Халқымыз жас ұрпақты рухани-адамгершілікке, салауаттылыққа тәрбиелеуге ерекше көңіл бөліп, кейінгіге талай ұлағатты сөздерін, іс-тәжірибесін қалдырған [1].

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында және оқу-тәрбие саласына байланысты басқа да құжаттарда жан-жақты білімді, ой-өрісі кең, мәдениеті жоғары, денсаулығы мықты, шешен тілді, рухани дүниесі бай және салауаттылық деңгейі жоғары ұрпақты тәрбиелеу қажеттігі көрсетілген [2]. Ұлттық мәдениет, ұлттық мүдде, ұлттық сана-сезім, ұрпақты руханилыққа және салауаттылыққа тәрбиелеуде ұлтымыздың өзіне тән әдет-ғұрып, салт-дәстүрлері, жазба мұралары негізінде ұрпақтан-ұрпаққа жалғасын тауып келе жатқан асыл мұраларды жинақтап, зерттеп зерделеудің құндылығы арта түсуде. Қазақ халқы жастарды отбасында кішіпейілділікке, ізеттілікке, имандылыққа, инабаттылыққа, салауаттылыққа тәрбиелеуді бірінші міндет етіп қойған. Ер балаларға ауылдың үлкендеріне қос қолдап сәлем беруді, қыз балаларға ибалық жасап, үлкендерге жол беруді, олардың алдын кесіп өтпеді уағыздаған. Жастардың жадына «сіз» деген сыпайылық, «сен» деген анайылық, «Адамдықтың белгісі – иіліп сәлем бергені», «Кішіпейілдіктен кішіреймейсің», «Жұпыны жұтамайды, сыпайы сүйкімді» деген қағидаларды үнемі уағыздаған. Ұлт тағдыры – ұрпақ қолында екенін жақсы түсінген ата-бабамыз жас жеткіншектерді өнерге, еңбекке шақыра отырып, рухани-адамгершілік ізгі қасиеттерге баулу мәселесін алғашқы орынға қойған. Халық мұраларында рухани-адамгершілік қасиеттерді, әсіресе, ар-ожданды қастерлеу тәрбиенің басты қағидасы болып саналған. Осыны басты нысана етіп ұстанған ата-бабамыз «Атаңның баласы болма, адамның баласы бол», «Ақ жүрген адам азбас», «Әдептілік, ар-ұят – адамдықтың белгісі» деп ар тазалығы басқаға қиянат жасамауға, шыншыл, әділ болуға баулиды. Әдептілік, сыпайылық, кішіпейілділік, мейірімділік, иманжүзділік қасиеттердің бәрі ар-ұят, ождан тазалығынан туындайды. Имансыз болу – ата-ананы, ұстазды, үлкенді сыйламауды халқымыз кешірілмес үш күнә деп санаған. Қазіргі мейірімсіздік, қатыгездік, дөркілік етек алып отырған заманда жасанды ар-ождан тазалығын сақтауға, рухани-адамгершілікке, имандылыққа тәрбиелеуге ерекше көңіл бөлу қажет болып отыр. Рухани-адамгершілік пен салауаттылыққа баулитын халқымыздың сан ғасырлық тәлім-тәжірибесін, мұраларын болашақ жастар тәрбиесіне пайдаланудың берері мол екендігін халқымыздың зиялы азаматтары, ұлы ғұламаларыда атап көрсеткен [3]. Қазақ ұлтының салауаттылық, парасаттылық, имандылық, адамгершілік, тәлім-тәрбие туралы мәңгі өлмес құнды ұлттық мұрасының дамуын шолып өтсек, Ибн Сина еңбектері, Шығыс Аристотелі атанған ғұлама әл-Фараби, сонау көне түркі жазуымен тасқа қашап жазған ескерткіш «Орхон-Енисей жазуларынан» бастап, Ержүрек қолбасшы Күлтегін, Білге Қаған, мемлекет қайраткері Тоныкөк, Омар Хайям рубайлары, түркі тілдес халықтардың бәріне өшпес рухани мұра қалдырған: Жүсіп Баласағұни, Махмұт Қашқари, Ахмет Яссауи, Ахмет Игүнеки, Қыдырғали Жалайыри, Мұхаммед Хайдар Дулати шығармаларының орны ерекше. Араға бес ғасыр салып, қолымызға сағындырып жеткен ғұлама-ғалым Өтейбойдақ Тілеуқабылұлының «Шипагерлік баян» атты еңбегі, ұлттық психологиядан болашақтың салауаттылығына, имандылығына арналған мол мағлұмат алуға болатын еңбек. Тауасарұлы Қазыбек бектің «Түп тұқианнан өзіме шейін» атты еңбегі қазақ тарихының асыл мұралары екені айқын. Адамның қоғамдағы орны, маңызы, тәлім-тәрбиесі, жан мен тән, өмірдің қыр-сыры туралы толғаныстар, ақыл-кеңес, даналық

өсиеттер жөнінде толғаған ақын-жыраулар: Асан Қайғы, Шалкиіз, Ақтамберді, Бұхар жырау, Шал ақын, Дулат, Махамбет. Қазақ халқын әлемге танытқан, Шоқан, Ыбырай, Абай еңбектерінің ұрпақ тәрбиесінде алар орны ерекше. Бүкіл бір халықтың ұстазы Ұлы Абай өзінің қара сөздерінде (45 сөзі) жан мен тән тазалығы, имандылық қасиеттері «толық адам», дені сау адамның іс-әрекет нәтижелері, жалпы қауымның игілігіне айналады деп тұжырымдайды.

XX ғасыр басында қазақ халқының білім беру саласында үлкен бетбұрыстар болды. Ұлттық негіздегі төлума оқулықтар, рухани-адамгершілік тәрбиесі мәселесіне арналған ғылыми еңбектер жарық көрді. Ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан мұраларды жинақтау, оны бүгінгі оқушылардың рухани-адамгершілік тәрбиесіне, салауаттылығын қалыптастыруға пайдалануда тәлімдік ой-пікірлерімен қазақ даласына із қалдырған Ш.Құдайбердиев, А.Байтұрсынов, Х.Досмұхамедов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, М.Дулатов, Ғ.Қараш және т.б. еңбектері – ұрпақ саулығы үшін қам жеген денсаулық мәселесіне арналған мұраларының орны ерекше. Мәселен, М.Жұмабаев өзінің «Педагогика» оқулығында «Сау жан сау денеде ғана болады» деген адамзат дүниесінің ескі мәтелін дұрыстай отырып, баланың денсаулығы мәселесін «Дене тәрбиесі» бөлімінде егжей-тегжейлі қарастырады [4]. Ата-бабамыз келер ұрпағына «табиғат үйін» – орасан зор байлығын сыйлап кетті.

Осы табиғатта олардың айналысатын шаруашылығы – төрт түлік малы, табиғи кенеулі асы: ішсе – сусыны, айран-сүті, қымыз-қымыраны, шұбаты; жесе – еті, қазы-қартасы, құрт-майы; мінсе – көлігі, ойын тойларда – сауығы болған.

Осы орайда, ақын Қадыр Мырза Әлі қазақ ұлтының мінез-құлқын, адамгершілік, имандылық қасиеттерін, қазақ елінің табиғатымен байланыстыра келіп былай толғайды:

Табиғаттан бабамыз ала берген секілді,  
Дарқандықты қазаққа дала берген секілді.  
Еркелікті, ерлікті желден алған секілді,  
Мөлдірлікті көгілдір көлден алған секілді.  
Қасарысқан ерлікті шыннан алған секілді,  
Көшіп-қону дегенді құмнан алған секілді.  
Мың етпейтін мінезді жоннан алған секілді,  
Түнеруді тұнжырап тұннен алған секілді.  
Күн шуақты күлкіні күннен алған секілді, –

дейді.

«Ата – балаға сыншы», – дейді қазақ мақалы. Әке өз балаларының жеке ерекшеліктерін, қандай іске, өнерге бейімделгенін, ерте аңғарып, шамасы келгенше баласының бойындағы табиғи қабілеттерін дамытуға күш салған. Баласы ойлы, сезімтал болса, ел адамы, қадірлісі болуды көздеп және игі жақсыларға теңеген. Парасатты әке балаларына ата-бабаларының іс-әрекетінің үлгі боларлық өнерін айтып, ағайынның туыстық, жақындық қатынастарын түсіндіріп, ата-тегі туралы айтып, ұрпағының саулығы мен имандылығын, адамгершілік қасиеттерін қалыптастырып отыруды өзінің парызы санаған [3]. Қазақ отбасы тәрбиесінде өзінің ғасырлар бойы саяси экономикалық, әлеуметтік-тарихи ерекшеліктеріне байланысты, атап айтқанда, кең байтақ жерін, шаруашылық дәстүрін, әр түрлі шапқыншылық, жауынгерлік және табиғаттың дүлей апатынан сақтап, қорғап қалу үшін ұрпағын бала жастан іскерлікке, ептілікке, батырлыққа, мергендікке шымырлыққа, саулыққа, салауаттылыққа тәрбиелей отырып, жаны мен тәнінің бірдей жетілуін дәстүрге айналдырған. Қазақ ұлтының болашақ ұрпағының санасына туған халқына деген сүйіспеншілік, ұлтының салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, тілін, дінін, тарихын сезіне білетін жылы жүрек, тоқтамды ақыл мен имандылық өте қажет. Бұл айтылып отырған құндылықтар тек қана дені сау жаны мен тәні таза, адал иманды, салауатты тұлға бойынан табылатын қасиеттер. Сондықтан, қазақ ұлтының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарының, салауатты өмір салтын қалыптастыруда, көздеген мақсатқа жету жолындағы өмір тіршілік әрекеттеріне тоқталып көрелік. Қазақтың әдет-ғұрыптарының бірі – «Құрсақ шашу». Жас келіннің аяғы ауыр болғаны белгілі болса, оның абысын-ажындары, ежелері келінді шақырып құрсақ тойын жасап, оның аман-сау, қол-аяғын бауырына алуына тілек білдіріп, шашу шашып, дастарханды түрлі дәмге толтырып, сауық жасаған. Ғұрып бойынша, бойына бала біткен келіншекті «күмәнді», «аяғы ауыр» деп тұспалдап айтқан. Оның мәнісі жас келін қысылып, ұялмасын, тіл-көздің сұғынан сақтасын деген ойдан шыққан. Келіннің жерік асының табылып, жерігі қанған әйелдің құмары тарқап, ерекше сезімге бөленіп, денсаулығы жақсара бастаған. «Жерік асын жегендей қуанды» деген сөз осындайдан қалған. Жеріктікті басудың тек анаға емес, іштегі сәбидің де денсаулығына зор әсері бар. Мысалы, жерігі қанбаған ананың балалары әлжуаз, аурушаң, кейде кем тууы да мүмкін. Сәбидің аузынан суы шұбырып жүруі де осындайдан болады дейді халық даналығы. Нәресте саулығына аса көрегендікпен қараған зерделі ана келінге құмсағыз шайнатқан, оның негізі нәресте ширақ болсын дегені, әсіресе, рауғаштың баланың көзін көреген,

құлағы сақ болуына септігі бар екенін біліп, өмір тәжірибелерінде пайдаланып отырған. Парасатты ана келінге ән тыңдатқызып, таза ауада жалаң аяқ жүргізген. Болашақ ананың сергек, тамағы құнарлы болғанын қадағалайды. Ән тыңдатқызығаны – нәресте зерделі, ақылды болмақ, жалаң аяқ жүріп – Жер-Анадан қуат алмақ, Айлы түнде келінді суға шомылдырғаны – нәресте ай жүзіндей сұлу болуын, сымбатты болуын қадалаған. Халық аяғы ауыр ананы да тәрбиелеу жолын әсте ұмытпаған. Оны мәпелеп, аялай білген, ренжітпеген. Бұл жөнінде жазушы Зейнеп Ахметова былай деп жазған: «Қарағым, биік тауға қара – көңілің өседі, көңілің өссе – немерең кең пейілді болады, жайқалған шөпке, жайнаған гүлге қара – сәбиің шырайлы болады, бұлақтың көзін аш – бала қайырымды болады» деген секілді ұлағатты тәлімін беріп, аналарымыз жас келіншектің таным-талғамын ұштап, байқаған. Міне, қазақ ұлтының, ұлттық ұғымының ұрпақ саулығына, руханилығына деген ұлағаты [5].

Дені сау, салауатты, рухани бай, ақылды ұрпақтың дүниеге келуін армандаған қазақ ата-бабаларымыздың асыл мұраларына көңіл аударсақ, «тәрбие тал бесіктен басталады» – деп бекер айтапаған. «Қазақ!.. Балаңды сұлу, сымбатты қылып өсір. Адам сұлулықты сүйсе, тазалықты сүйеді. Тазалықты сүйсе оған ауру үйір болмайды» – деген халық даналығы. Сол тазалық тал бесіктен басталмай ма?

Қазақтың ұлттық ойындары – адам ағзасы үшін өте маңызды, теңдесі жоқ сауықтыру, денсаулықты нығайту, салауатты өмір салтын қалыптастыру шараларының бірі. Қазақтың ұлттық ойындары – ептілікті, өжеттілікті, ширақтылықты, шапшаңдылықты, тапқырлықты және т.б. қасиеттерді талап етеді. «Асау үйрету», «Мойын арқан», «Алтыбақан», «Қазақ күресі» – қазақ халқының ежелгі спорт ойындары адам денесін ширатып, бұлшық еттерді қатайтады, төзімділікке, батылдыққа, ептілікке керек кезінде тез ойланып, ұтымды амал, ақылды шешім, әдіс таба білуге машықтандырады [3].

Сондай спорттық, ұлттық ойындарға: «Тауық күрес», «Білектесу», «Арқан тартыс», «Бәйге», «Аламан бәйге», «Тай жарыс», «Құнан жарыс», «Дөнен жарыс», «Жорға жарыс», «Аударыспақ», «Түйе жарыс» кіреді. Осы ойындардың ішінде қызығы «Табақ алып қашу», бұл ойын үлкен жиындарда, тойларда ойналады, тамағы бар табақты төкпей-шашпай, ептілікпен, ширақтылықпен көздеген жерге жеткізу, ал қарсы жақ дәл сондай талаппен табақты келесі орнына жеткізу керек. Жеңілген жақ айыптарын кез-келген өнер түрімен өтеп отырған. «Қыз қуу», «Теңге алу», «Асық ойыны» оның бірнеше түрлері бар. «Алшын ойыны», «Омпа», «Асық тігіп ойнау», «Тас қала», «Хан», «Көкпар» т.б. спорттық ойындарды атауға болады. Бұл ойындар адамды дәлдікке, мергендікке, ептілікке, жауапкершілікке, адалдыққа, шыншылдыққа, ширақтылыққа тәрбиелейді [3].

А.Байтұрсынов «Тәні сауудың – жаны сау» екенін айта отырып, «Ең әуелі бәрінен бұрын тазалықтың қадірін біл. Тән саулығының тамыры тазалықта, жан саулығының тамыры тән саулықта» – деп денсаулықты сақтаудың маңызды жолын меңзейді. Себебі, денсаулықтың кепілі – тән мен ардың тазалығы. Ол саулықтың іргетасын қалайды [5].

М.Жұмабаевтың пікірінше, тәрбие саласы төртке бөлінеді. Олар: дене, жан, ақыл тәрбиесі, сұлулық пен құлық тәрбиесі. Автор олардың бір-бірімен байланыстылығын былай түсіндіреді: «Егер адам баласына осы төрт тәрбие тегіс берілсе, оның тәрбиесі түгел болғаны. Егерде ол ыстық, суық, аштық, жалаңаштық сынды жұмыстарға жиі ұшырайтын күштерді елемейтін мықты берік денелі болса, түзу ойлайтын, дұрыс шешетін, дәл табатын ақылды болса, сұлу сөз, жамандықтан жаны жиреніп, жақсылықты жаны тілеп тұратын құлықты болса ғана адам баласының дұрыс тәрбие алып, шын адам болғандығы. Балам – адам болсын деген ата-ана осы төрт тәрбиені дұрыс орындасын», – деген [3]. Бүгінгі таңдағы мектептер оқушыларына таза ғылыми негіздегі білімдерді бере отырып, олардың жүректеріне рухани және дамгершілік, имандылық құндылықтарын енгізуді екінші қатарға қалдырады немесе тіпті мән бермейді. Соның салдарынан жастарымыздың бұзылып, рухани-адамгершілік, имандылық дегеннің не екенін білей өсуіне әкеліп соғуда. Адам баласы үшін отбасы – мейірімділіктің қайнар көзі. Ол отбасынан адам баласына қажетті тәлім-тәрбие, өмір заңдылықтарын осы ортадан алады. Сондай-ақ үлкенге құрмет кішіге ізет, ізеттілік, инабаттылық, адамгершілік және имандылық міндеттерін өз санасына құяды. Отбасы – сүйіспеншілік пен мейірімділік ошағы. Қазақ ата-бабамыз «ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деп отбасы тәрбиесінің жобасын байқап отырған. Балаға туған тілі, жері, салт-дәстүрі, тарихын үйлесімді мейірімділікпен шектестіре отырып, санасына құйып отырған. Бұл жөнінде М.Шахановтың туған тілі, жері, салт-дәстүрі, және тарихты төрт ана деп, өз анасына теңестіруінде де үлкен философиялық мән бар. Құдіретті өз анаңның мейіріміне ешнәрсе тең келмейтінін адам баласы жақсы білген. Демек, әлемдегі барлық мейірімділік пен имандылық өмір заңдылықтарын ескеру ана мейірімі мен атаның тәрбиесі арқылы беріледі. Сондықтанда қазақ халқы «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге арап қыз өсер» деп бала тәрбиелеуші ата-аналардың өнегелі болуын талап еткен. Көргендікті дуелі көп алдында өзің көрсет. Балаңды да, тәрбиеленушіңді де бетімен жіберме. Бесіктен белі шықпаған сәби шағынан жақсылыққа үйрет, жамандықтан жирент. «Бас мүлгісе, аяқ сүрінеді» дегендей, ең дуелі өзің үлгі бол, ұрпағың сонда ғана өнегелі тәрбие алады деп. Жалпы тәрбие мәселесіне, әсіресе, жақсы

тәрбиенің игі ықпалына қазақ халқы өте алкен мән берген. Халқымыздың педагогикалық қағиданы парасатты мақал-мәтелдер арқылы шебер бейнелейтініне тенті боласыз. Мәселен, «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің», «Өнеге көші өлшеусіз», «Жақсы атты тай жағалайды», «Ата көрген оқ жанар, анакөрген тон пішер» т.б. Қазіргі кезде көптеген ата-ана баламыз компьютерді, ағылшын тілін меңгерсе болды жетілген тұлға болады деп ойлайды. Ең алдымен, әрбір бала адами тамаша қасиеттерді бойына жинақтаған дұрыс адам бола білуі шарт. Сонан кейін ғана білімін тереңдете алады. Адамдардың адами рухани-адамгершілік құндылықтарының орнындағы кемшіліктерді ешқандайда академиялық білімдердің толықтыра алмайтыны нөмірдің өзі көрсетіп отыр [3].

Жас ұрпақты рухани-адамгершілікке, салауаттылыққа тәрбиелеуде адамгершіліктің ақ жолынан айнымаған бұрынғы өткен ақыл-ой алыптарының мұра етіп қалдырған өсиет сөздері және ғұламалардың ғибраттары арқылы қоғамымызда салауатты өмір салтын қалыптастыруымызға болады. Сонда ғана бүкіл жер бетінде, әсіресе, жастар арасында бой көрсетіп жатқан маскүнемдік, нашақорлық, жезөкшелік, паракорлық, дүниеқоңыздық, көреалмаушылық сияқты кеселдерден мемлекетіміздің болашағы – жас ұрпағымызды қорғап қаламыз және аман сақтаймыз.

#### **ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Ембергенова Ж. Жастарды саламатты өмір салтына халықтық педагогика құндылықтары негізінде ұрпақ сабақтастығымен ұштастыра тәрбиелеу // пед. ғыл. канд., дисс., автореф. Қарағанды, 2000. – 30 б.
2. Қазақстан Республикасының Білім Беру туралы Заңы. – Астана, 2011.
3. Кенжеахметов С. Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары // Ана тілі. – Алматы, 1991.
4. Жұмабаев М. Педагогика /Алматы: Рауан, 1992. – 112 б.
5. Әділбек М.Қ. «Салауатты өмір салтын қалыптастырудағы ұлттық ойындардың рөлі» // Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің хабаршысы. Атырау, 2011, №3 (22). – 125-126 б.

*Азаматов А.М., Жиенгалиева А.Д.*

*Молдашов Р.М., Дингуатов Қ.Т.*

*магистранттар*

*М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті*

*Орал қ., ҚР.*

*Ғылыми жетекшісі: Испулова Р.Н.*

*п. э. к., Қауымдастырылған профессор*

*Байтлесова Н.К., PhD*

*М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті*

*Орал қ., ҚР.*

## **ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ КҮШ ҚАСИЕТІН ДАМУЫҒА БАҒЫТТАЛҒАН ЖАТТЫҒУЛАРДЫ ІРІКТЕП АЛУ ПРИНЦИПТЕРІ**

**Андатпа.** Бос уақытта дене шынықтыру және спортпен шұғылдану жоғары сынып оқушыларының дене дайындығын жетілдірудің елеулі қоры болып табылады. Бос уақытта қолданбалы бағытта дене шынықтыру және спортпен шұғылданудың негізгі мазмұны үйренетін мамандықтың психофизиологиялық өлшемдеріне жақын спорт түрлері және жыл бойы жаттығу үшін немесе ырғақты гимнастика үшін құрастырылған арнайы жаттығулар кешені болып табылады. Кәсіби-қолданбалы сабақтардың ең тиімді түрі бұл-кәсіби қолданбалы дене дайындығының секциясы. Онда әр түрлі күш қасиеттерін дамытуға болады.

Алға қойылған міндеттерді шешу үшін оқу күнінде де, сондай-ақ өндірістік оқу режимінде де ұйымдастырылатын және дербес жүргізілетін дене тәрбиесі сабағы, үйге берілетін тапсырма, өндірістік гимнастика, бос уақытта дене шынықтыру және спортпен шұғылдану секілді кәсіби-қолданбалы дене дайындығының әр түрін пайдалану оқушылардың дене күштерін дамыту жолдарын дұрыс жолға қояды.

**Түйін сөздер:** қабілеті, фактор, функциялар, дамыту, қарастырылған, кәсіби-қолданбалы, дене шынықтыру, гимнастика, мәдениеттілік, тәсілдер.

**Кіріспе.** Күнделікті айналысатын дене тәрбиесіне қалыптастыру үшін, оларды әрбір оқушының тұрмыс тіршілігіне еңгізу дегеніміз, ол әрбір дене тәрбиесі мұғалімдерінің алдына қойылған күрделі міндет. Біздің басты қамқорлығымыз жоғары сынып оқушыларының дене қасиеттерін дамыту. Көп жағдайда, олардың денсаулығы, болашақ кәсіби мамандығын табысты меңгеруі, өндірістегі өнімді еңбек, Отанды қорғауға дайындығы міне осыған байланысты.

Соңғы жылдары мектептерде дене тәрбиесі сабақтарын, сыныптан тыс шараларды өткізу, сабақ өтетін орынды қажетті құралдармен және құрал-жабдықтармен жеткілікті қамтамасыз ету үшін жақсы жағдайлар қалыптасып келеді. Осылардың бәрі оқушылардың оқу сабақтарын табысты меңгеруі, оның ішінде мектеп бітіргенде өте жақсы дене дайындығына қол жеткізуді алдына мақсат етіп қойған жоғары сыныптағы жасөспірімдерге де жақсы жағдай туғызады. Дене тәрбиесі саласының мамандары және жаттықтырушылар, күшті дамытудың жоғары деңгейімен жасөспірімдерді көп жағдайда қамтамасыз ете алмайтындығын білеміз.

Әрбір сабақтың елеулі бөлігін тек қана осындай міндеттерді есептей отырып жоспарлаған дұрыс болады. Сабақтарда пайдаланылатын жаттығулар алдын-ала жоспарға еңгізіледі. Әдетте, қол және иық белдеуінің еттерін дамытуға жәрдемдесетін арнайы жаттығуларды іріктеп алудан бастау керек. Содан кейін арқа еттерін дамыту үшін жаттығулар кешенін, одан кейін іштің көк еттерін, және соңында аяқ еттерін дамытуға арналған жаттығулар құрастырылуы керек.

**Қол және иық белдеуінің еттерін дамытуға арналған жаттығулар.** Мұнда таянып жатқан қалыптан қолды бүгіп, жазу, жоғарылаған таянышқа аяқты тіреп, оны бүгіп жазу, қоссырықта да осындай жаттығулар бірінші орында болу керек. Резеңке амортизаторлармен, сондай-ақ әр түрлі салмақтағы нығыздалған доптармен орындалатын жаттығулар өте пайдалы. Жаттығуларды бастапқыда жасөспірімдердің оң және сол қолмен алма-кезек орындауы, содан кейін иықтан асыра қашықтыққа лақтыруы ұсынылады. Егер оған биік белтемірде асылып тұрып тартылуды, батпандарды, штангінің дискісін көтеруді, өзгеде ауырлықтармен орындалатын жаттығуларды еңгізбесе, бұл жаттығулар кешені дәл өз мәнінде болмайтындығын тәжірибе дәлелдеп отыр.

Осы жаттығуларға қоса аяқтың көмегіңсіз және ауырлықтармен арқанмен өрмелеуді қосуға болады. Салмағы 12 кг-дық әдеттегі рюкзак есебіндегі ауырлықтармен арқанмен және арқаннан жасалынған басқышпен өрмелеу жоғары сыныптағы жасөспірімдерге ұнайтындығы байқалды.

Арқаннан құлап кетпеудің алдын алу үшін осы жаттығуларды орындау кезінде үйретудің негізгі қағидаларын ұстану қажет. Яғни, арқанның биіктігі мен ауырлықтардың салмағы біртіндеп арттырылуы тиіс, өрмелеу аяқтың көмегімен орындалуы керек.

Қауіпсіздік техникасын сақтау туралы да оқушыларға жиі ескертіліп отырылу керек. Бірінші кезеңде, әсіресе арқаннан қол шығып кетуі және алақанның терісін жаралап алу мүмкіндігі болады, сондықтан төмен түскен кезде оларды қамсыздандыру керек. Бұған дайындығы мол тәжірибесі бар оқушылар тартылуы тиіс. Осы нұсқаулар арқаннан жасалынған басқышпен өрмелеуде немесе гимнастикалық қабырғада асылуда, сондай-ақ отыруларда ауырлықты пайдалануға да қатысты.

**Арқаның еттерін дамытатын жаттығулар.** Мұндай жаттығуларды іріктеп алу қағидасы төмендегідей болмақ. Бірінші кезекте кеудені әр түрлі жағдайда еңкейтулер, кейін оны жазу жаттығулары орындалады. Өз құрдастарынан дене дайындығы деңгейі бойынша артта қалған жасөспірімдерге осыларды бірінші кезекте ұсына отырып, әр түрлі ауырлықтарды пайдалану орынды. Содан кейін отырған қалыпта қолдарды желкеге ұстағаннан кейін жаттығулар жасалады. Жаттығу белгілі бір уақытта, мысалы, 20 немесе 30 сек. ішінде орындалады. Ақыр аяғында жасөспірімдер төмен қарап, аяқтарды айқастырып, қолдарды желкеге ұстап гимнастикалық атта кесе-көлденең жатқан қалыптан жаттығуды орындайды: «бір» дегенде оқушылар кеудесін жоғары көтере белін шалқайтады, «екі» дегенде бастапқы қалыпқа қайта оралады.

**Іштің көк еттерін дамытуға арналған жаттығулар.** Бұған көп жаттығуларды пайдалануға болады. Алайда, бірінші кезекте белтемірде (гимнастикалық қабырғада) асылып тұрған қалыптан аяқтарды бір мезгілде және алма-кезек көтеруді, шалқалап жатқан қалыпта аяқтарды көтеріп, баяу түсіруді, сондай-ақ қолдарды желкеге ұстап, аяқтардың арасын иық кеңдігіндей ашып тұрған қалыпта кеудені айналдыруды жаттығулардың осы кешеніне еңгізу керек.

**Аяқтардың бұлшық еттерін дамытатын жаттығулар.** Бастапқыда ауыр заттарды (штангінің белтемірімен дискісін, батпандарды) көтеріп отыруды және алға аттап отырған қалыпта (выпад) серіппелі түрде отыруды балаларға ұсыну қажет. Содан кейін секіртпемен секіруді, гимнастикалық орындық арқылы бір немесе екі аяқпен секіруді, жоғары ілулі тұрған затқа қол тигізу үшін, орнынан бір немесе екі аяқпен биіктігі 40-50 см жеңіл кедергіден секіруді іріктеп алған жөн. Арнайы жаттығуларды «пистолет» (бір аяқпен отыру) жасаумен, тіреліп секірулермен аяқтайды. Енді қолданылатын жүктемелердегі жаттығуларды мөлшерлеу туралы бірер сөз. Жоғары сынып оқушыларында орындалу уақыты бойынша өте ұзақ және көлемі көп жүктемелерге бейімделуде жеке ерекшеліктер анығырақ көрініс беретіндіктен де, жоғарыда айтылған жаттығуларды мөлшерлеуді дене дайындығының деңгейін есептей отырып анықтау керек.

Қажетті тиімділікке, жоғарыда айтылған арнайы жаттығуларды кешенді түрде пайдалану арқылы қол жеткізіледі. Әр жаттығуға 1,5-2 мин. уақыт бөлінеді, жасөспірімдер 2 адам болып шұғылданады. Жаттығуды орындау реттілігі еттің негізгі топтарына ауырлықты алмастырып түсіру қағидасы арқылы анықталады. Өкінішке орай, жағымды деген жағдайдың өзінде кейбір кемшіліктерден, ал кейде селқостықтан қайсыбір оқушылар оқу бағдарламасының талаптарын орындай алмайды. Бұл жағдайда оқушымен уақтылы жеке әңгімелесу, содан кейін тұрақты қолдау көрсету, балалардың дербес жаттығуына бақылауды қамтамасыз ету мақсатында олардың ата-аналарымен тығыз байланыс жасау өте маңызды. Уақыт өте келе дене тәрбиесі пәніне оқушылардың көзқарасы да өзгермек. Мектеп бітіріп, әскери қызметін өтегендердің жоғары сыныптардағы жасөспірімдермен кездесулері де пайдалы болмақ.

Қазіргі уақытта жоғары сыныптағы оқушылардың дене қасиеттерін дамытуға себепкер болатын дене тәрбиесі бойынша үй тапсырмаларының қажеттілігіне ешкімде күдік келтірмейді. Жеке тәжірибеден білетініміз, сабақта уақыттың жетіспейтіндігі, әсіресе сыныппен сабақ жүргізгенде сезіледі. Әдетте, негізгі дене қасиеттерінің дамуы бойынша әр сыныпта 2-3 жасөспірім төменгі деңгейде болады. Өкінішке орай, осындай оқушыларға дәл мағнасында күш салуға арналған ауыр жаттығулар топтамасын беру, іс жүзінде мүмкін емес. Олардың ауыр жаттығуларға күші жетпегендіктен оны жасай алмайды, олардың оралымсыз қимыл-қозғалыстары кейде басқа оқушыларға күлкі болады, ал мұның өзі оқу процесін ұйымдастыруға көп қиындық туғызады, міне осындай жағдайларға мұғалім тарапынан көбірек назар аударуды талап етеді.

Артта қалушылар қатарында және жолдастарына күлкі болғысы келмейтіндердің белсенділігін қалай көтеруге болады? деген сұрақ туындайды. Мұндай жағдайда мұғалімнің тапсырмасын орындау жөнінде ондай оқушыларға үйде міндетті түрде қосымша жеке, дербес шұғылдану ұсынылады. Өкінішке орай, ұстаз мамандар әзірге X-XI сынып жасөспірімдер үшін ондай сабақтарды өткізу жөнінде ұйымдастыру-әдістемелік жол сілтейтіндей құралға ие болған жоқ. Сол себепті көпшілікті, мұндай жағдайда жұмысты неден бастау керек деген мәселе толғандырады.

Кейін қалған оқушылардың ата-аналарымен жеке немесе оның өзінің қатысуымен нақты әңгімеден бастау керек деп есептейміз. Мұндай әңгіме ата-ана үшін өте қажет, ол мұғалім үшін де пайдалы, өйткені болған әңгіме оқушы дене дайындығының нашар болу себептерін айқындауға көмектеседі (әсіресе, егер оқушы басқа мектептен ауысып келген болса). Осы әңгімеге дейін дене тәрбиесі бойынша баласының жетістік-кемістіктеріне зейін қоймай келген ата-ана, енді оның дене жаттығуларымен дербес айналысуына басқаша қарайтын болады, бақылау жасайды, дене шынықтырумен шұғылданып жаттығатын орнын жабдықтауға көмектеседі, батпан, эспандер, доп, секіртпе және т.б. секілді қажетті спорт құрал жабдықтар сатып алады.

Бала тәрбиесіне немқұрайды қарамайтын ата-ананы бәрі қызықтырады: үйде аптасына неше рет шұғылдануға болады, жаттығу ұзақтығы қанша болмақ, олардың мазмұны неден құралуы керек? және т.б. Бұл ретте бір аптаның ішінде жағдайды түзеткісі және таңертең де, кешкісін де әбден діңкесі құрығанша баласына көмектесуге дайын ата-аналар да бар. Нәтижесінде шаршау, шамадан тыс жаттығу, түңілу және бастаған ісінің табысты аяқталуына деген сенімсіздік туындайды.

Сондықтан да жоғары сынып оқушысының өзі де, оның ата-анасы да бастапқы кезде әрқайсысының ұзындығы 30-40 минуттан аспайтын, аптасына 3 рет болатын жаттығу санын бірте-бірте 4-5 ке дейін көбейту керек, әр сабақтың ұзақтығы 30-40 минутқа дейін созылмақ. Дене дайындығының өсу шамасына қарай 2-3 айдан кейін сабақтың апталық санын 4-5 ке дейін көбейту керек, әр жаттығудың ұзақтығы 1 сағатқа дейін созылмақ. Оқушылармен олардың ата-аналарына бақылау және өзін-өзі бақылау бойынша мұғалімнің кеңес беріп отыруы, ерекше маңызды. Осы мақалада баяндалған кеңестердің бәрін дені сау оқушыларға, яғни денсаулық жағдайына байланысты негізгі дәрігерлік топқа жатқызылғандарға қолдануға болады.

Қалған өзге жағдайларда дәрігерлік кеңесі қажет. Жоғары сыныптың оқушысы үйдегі жаттығудың басынан бастап жалпы өзін-өзі сезінуін, тәбетін, ұйқысын, ақыл – ой жұмыс қабілетін мұқият қадағалап жүруі тиіс. Жоғарыда айтылған көрсеткіштердің нашарлауы денеге артық жүктеме түскендігі туралы белгі береді. Жаттығудың тамыр соғысы (жүрек соғысының жиілігі-ЖСЖ) жүктеменің шамасы туралы жеткілікті хабар береді. 15-17 жастағы жасөспірімнің тыныш жағдайдағы ЖСЖ-і минутына 65-80 шегінде болады. Тамырдың соғу жиілігі жаттығудан кейінгі 6-8 минут ішінде бастапқы деңгейіне келуі керек. Өзін-өзі бақылаудың ең маңызды сәті денеге түскен ауырлықтан кейін тамыр соғысының қалыпқа келу уақыты болып табылады. Қалыпқа келу уақыты 8 минуттан асса, бұл жүктеменің шамадан тыс көп болғандығын білдіреді.

Жоғары сынып оқушыларының дене дайындығы деңгейінің өсуін бақылау мақсатында күнделік жүргізу ұсынылады, оған бастапқы мәліметтер (көрсеткіштер) мен 2-4 жаттығу аптасынан кейінгі өлшеу нәтижелері енгізіледі. Осы күнделікте жылына 2-3 рет өлшенетін антропометрикалық кейбір көрсеткіштерді де белгілеуге болады. Дене тәрбиесінің мұғалімі күнделікке енгізілген нәтижелерді талдап, дене дайындығының жекелеген көрсеткіштерінің өсу қарқынын анықтайды, үй жағдайында дербес дене шынықтырумен шұғылданудың мазмұны мен көлеміне тиісті түзетулер енгізеді.

Үйде жаттығудың мазмұнына тоқтайық. Мақаланың басында біз, жоғары сыныптарда дене дайындығының барлық көрсеткіштері бойынша өз құрдастарынан елеулі түрде артта қалған жасөспірімдер кездесетіндігіне зейін аударғанбыз. Ондай оқушыларға негізгі және атлетикалық гимнастиканың, жүрудің, жүгірудің, шаңғымен жүрудің, жүзудің, туризмнің және т.б. құралдарын пайдалана отырып, дененің барлық қасиеттерін дамытуға бағытталған дербес жаттығудың мұғалім жоспарлаған ұзақ мерзімді бағдарламасы қажет.

Барлық осы жаттығулар мен қолданылатын әдістердің кешені әр түрлі және ауқымды кең. Осы бір мақаланың көлемінде қамту мүмкін емес. Сондықтан тек олардың біреуін ғана, бірақ үй тапсырмаларының мазмұны мен әдістеріндегі өте маңызды-күшті басымырақ дамытуға тоқталамыз.

Күшті табысты түрде дамытуда батпан, кір тастары, штанга сияқты ауырлықтардың салмағын көтеру, сондай-ақ резеңке (серіппелі) созу, өз салмағын көтеру немесе серігінің қарсылығын жаттығушының жеңе білуіндегі бұлшық ет күшін жұмсау көлемі маңызды рөлге ие.

Дене тәрбиесінің мұғалімі кейін қалған жоғары сынып оқушылары үшін үй тапсырмаларының кестесін жасай отырып, олардың алғашқысына әр түрлі ет топтары (арқаның, қолдың, иық белдеуінің, аяқтың, іштің, мойынның) үшін жаттығуларды, яғни жалпы дамытатын сипатқа ие жаттығулар кешенін енгізеді. Бұл кезең негізгі ет топтарының күшін кейінірек бағытты дамыту үшін дайындық кезеңі іспеттес болады. Осы мақсатта бір жаттығуға бір-екі ет топтары үшін жаттығулар, мысалы иық белдеуі мен қол, арқаның және аяқтың еттері үшін жаттығулар көбірек енгізіледі. Бұл ретте үйде дербес шұғылданудың бірінші кезектегі міндеті – оқу бағдарламасының Президенттік сына-малардың күш жаттығуларын (қоссырыққа таянып тұрып қолды бүгіп, жазу таянып тұрып бұрыш жасау, белтемірде тартылу, арқанмен жоғары өрмелеу және т.б.) орындауға даярлану екендігін



ұмытуға болмайды. Сондықтан тиісті дайындық және жетекші жаттығуларға басымырақ көңіл бөлінеді.

Дененің оң және сол жақ бөліктері үшін берілетін жаттығулар саны туралы мұғалімнің ұсыныс-пікірлері өте маңызды болуы керек. Үй тапсырмалары режимінде дененің оң және сол бөліктерінің аттас ет топтарының функционалды дайындығының симметриясын бұзбас үшін олардың белгіленген санын дәл орындау қажет болады.

Жоғары сыныптағы жасөспірім, жаттығуды тамақ ішіп болғаннан кейін 1.5-2 сағат өткеннен кейін, жақсы желдетілген бөлмеде өткізу керек екендігін есінде ұстағаны жөн. Ауыр заттармен орындалатын жаттығулардың алдында жүруді, бір орында жүгіруді, қарғу жаттығуларын және жалпы денені дамытатын жаттығуларды (отырулар, еңкейулер, аттап отырулар, аяқ, тізе буындарын айналдыру және т.б.) біріктіретін 10-15 минуттық денені қыздыруға арналған жаттығулар жасалуы тиіс.

Үйде жаттығулармен шұғылдану үшін әр түрлі салмақтағы батпандар, 10-16 кг-дық кір тастары, эспандерлер және т.б. пайдаланылады. Әдетте, оқушыларға жақсы таныс орында жүру мен жүгіру, қарғулар, отырулар, аяқтардың ұшына көтерілу секілді, бір қолға ауыр заттарды ұстап орындалатын жаттығуларды жиі пайдалану қажет. Аяқ еттерін дамытуға бағытталған жаттығуларды орындаудағы ауырлықтардың салмағы біртіндеп арттырылады. Ауырлық есебінде дәріханаларда сатылатын қарапайым резеңке бинттерді пайдалануға болады. Әрқайсысының ұзындығы 3 метрлік екі бинт болса, кез келген ет топтарына қажетті ауырлықты түсіруге болады, ал ең бастысы осы жүктеме кез келген деңгейде реттеледі (бинтті екі, үш және тағы сол сияқты бүктеп, созатын бинтті қысқартып не ұзартып). Батпан немесе кір тасының көмегімен жасай алмайтын, дененің барлық буындарындағы жекелеген бөліктерінің бүгіп, жазатын еттеріне күш түсіруге бинттің мүмкіндігі бар.

**Қорытынды.** Жаттығу кешенін ұсына отырып, мұғалім әр түрлі әдістемелік құралдардан, кітаптардан, күнделікті баспасөзден ыңғайлы жаттығулардың жиынтығын пайдалана алады. Осы мәселе бойынша әдістемелік құралдарды алуға мүмкіндік болмаса, жаттығулар кешенін өзі құрастырып алады. Бұл мәселеде көмек көрсету мақсатында әр түрлі ет топтары үшін жаттығулар топтамасын алдын-ала құрастырып дайындап қою қажеттігін ұмытпау керек. Дайындалған жаттығулар топтамасы кейінде дайындалуға падалануымызға үлгі қызметін атқарады деп ойлаймын.

Дайындаған жаттығулардың арасында жұппен орындалатын жаттығуларды да ойластырған өте дұрыс деп санауға болады, бұл жаттығулар топтамасын сыныптасы мен сабақта, ал жолдас көршісі мен үйде де пайдалануға болады. Бұл ретте, ең бастысы серігінің көрсеткен қарсылығымен жасалатын жаттығу шамасына қарап 6-8 реттен кем болмауы керек деп ойластыру керек. Міне осындай жаттығулар топтамасын дұрыс орындаған жағдайда оқушы жастардың дене қабілеттерінің дұрыс қалыптасуы жақсы жолға қойылады деп айтуға болады.

#### **ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Құлназаров А.Қ., Қасымбекова С.І. «Балалар мен жеткіншектерді тәрбиелеп өсіру жолында салауатты өмір салтын қалыптастыру бағытындағы дене тәрбиесінің ролі» халықаралық симпозиумның материалы.- Бішкек, 2001.- 1-4б.
2. Нетто Т. Что такое специальная система спортивной тренировки.-М.: ФиС,1998.- 479 с.
3. Қарақов А.,Абишев С.Қозғалыс белсенділігі дене тәрбиесінің бастауы.- Алматы,2017.- 229 б.
4. Амосов Н.Денсаулық туралы толғау//Москва, ФжС журналы,1997.- 64-69 б.
5. ҚошаевМ.Н., Тайжанов С.,ТайжановД.С.- Дене тәрбиесін үйрету әдістері, Әдістемелікқұрал.- Алматы.- 42-49 б.
6. Уанбаев Е. Дене тәрбиесінің негіздері. Оқулық құрал.-Алматы.- 2000.- 72б.
7. Амосов Н. Денсаулық туралы толғау. ФжС журналы.- Москва, 1998.- 25-31б.

## **БАСТАПҚЫ МАМАНДАНДЫРУ КЕЗЕҢІНДЕ ЖАС БАЛУАНДАРДЫҢ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУЫН ӨЗЕКТЕНДІРУ**

**Андатпа.** Қазіргі уақытта күреспен айналысатын балалардың саны артып келеді. Бұл спорттық күрес танымал және қолжетімді спорт түрі болып табылатындығына байланысты, осыған байланысты спорт мектептері спорт резервін іріктеу мен дайындауды жүзеге асыра алады және бұл бұқаралық спорт түрін өскелең ұрпақ үшін тартымды етеді. Спорттық күрес түрлері: Қазақша күрес, дзюдо, грек-рим күресі, еркін күрес, әйелдер күресі, самбо, белбеу күресі.

**Түйінді сөздер:** дене шынықтыру, мағынасы, спорттық күрес, 7-14 жас аралығындағы балалар, спорттық дайындық, физикалық қасиеттер.

**Зерттеу мақсаты-** жас спортшылардың спорттық күрестегі дене шынықтыруының маңыздылығын анықтау.

**Зерттеудің әдістемесі және оны ұйымдастыру.** Ғылыми, оқу-әдістемелік және арнайы әдебиеттерді теориялық талдау әдістерін қолдана отырып, спорттық іріктеу аспектілері қатысушылардың ерте жас кезеңдерінде орын алған жағдайда, біздің жағдайда 7-14 жастағы балалар (айта кету керек, соңғы уақытқа дейін спорттық күрес жеткілікті жас спорт түрлері болып саналды) жас балуандардың спорттық дайындығында жағдай байқала бастады, бағдарламалық оқыту материалдарының әдістері өңдеуді қажет ете бастады, ескеретін өзгерту жаттығу процесінде бабына, ересек контингентті балалар мен жасөспірімдер.

**Нәтижелер мен зерттеулер және оларды талқылау.** Бұл жағдайда жас балуандарды спорттық даярлаудың негізгі әдістемелік және мазмұнды тұжырымдамаларын қайта қарау, мамандандырудың кейбір аспектілері жеткіліксіз дамыған және спорттық күреспен айналысатын 7-14 жастағы балаларды оқыту әдістемесінде қамтылған. Бұл дәстүрлі түрде жаттығу практикасының пайда болуына байланысты, онда жаттықтырушылар жас спортшылардың физикалық дайындығының жеткілікті деңгейін қажет етпейтін ұстап алу, тіреу, басып алу, қозғалыс және т.б. сияқты негізгі элементтерді игеруді ұмытып кетті.

Дегенмен, жас спортшылар осы элементтерді игеру кезінде техникалық дұрыс дағдыларды игеруі үшін олардың физикалық дайындығын жетілдіру қажет, өйткені физикалық қасиеттерсіз қалыптасқан спорттық күрес дағдылары өте баяу және жай қалыптасатын болады. Мысалы, күш, жылдамдық және беріктік қасиеттерінің тиісті деңгейі, сондай-ақ төзімділік пен икемділік техникалық дайындықтың жоғары деңгейіне қол жеткізуді қамтамасыз етеді, ал уақытылы дамыған үйлестіру қабілеттері оқу-жаттығу процесінде де, бәсекелестік іс-шаралар кезінде де күрес тактикасының жақсы деңгейін анықтайды.

